Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі т/а Міндеттері: Негізгі қимылдар. Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен	**Дене тәрбиесі Міндеттері: Негізгі қимылдар. Жүру.**	**Музыка** «Көңілді аспаптар» Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру,	**Дене тәрбиесі Міндеттері: Негізгі қимылдар. Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру.	**«Менің ойыншығым» Міндеттері:** Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін

	жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын	Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; **Секіру.** Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу.	ұрмалы, үрмелі аспаптарда жеңіл ырғақтар ойнап дағдылану. Ән тыңдау: «Балдырғандар әні» (Б. Дәлденбаев, Н. Жанаев) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай Ойын: «Ырғақты қайтала» Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады.Екінші бала сол әуенді аспапта қайталап ойнайды.Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар қолдарын шапалақтайды. **«1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы»**	Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою Ұйымдастырылған іс-әрекет:Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. Екі аяқтың ұшымен серпіле секіру (аса биік емес) қабілетін	жетілдіру.Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Күтпеген сәт:** Ұлттық көйлек киген қуыршақ келеді. Балалар қонақпен сәлемдесіп, қызығушылық білдіреді. **Негізгі кезең** Педагог балалардан қуыршаққа бірлесіп, есімін қоюға ұсыныс тастайды. Мысалы: Сұлушаш, Камшат т.б. Қонаққа келген Сұлушаш қуыршақты дәстүр бойынша жоғары төрге шығару. Сұлушаштың киген көйлегі ұзын, ақ түсті, бүрмелі, әдемі, шашы қос бұрымды, ұзын, көздері дөңгелек, қарақаттай, басына киген бөркі туралы балалармен бірге әңгімелеу. Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған үкісіне тоқталу. Оны үкі құсының қауырсынынан алынғанын және оның ерекшелігін айту.

	арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалармен бірге жапырақтарды бояу **(сурет салу)** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **Жапсыру**	Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын түрлі түсті жалаушаларға аудару. Жалаулармен ойнауға шақыру. **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Қолға жалауша ұстап жүру – жалаушаларды қапталға, алға созады, жоғары көтереді, тізені жоғары көтеріп жүреді (тізбекте арақашықтықтың сақталуына мән беру қажет). Шеңбер құрау. **Жалаулармен**	**Міндеттері:** Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр). **Геометриялық фигуралар:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;Үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салуды	жетілдіруді жалғастырамыз. Адымын қолдың шынайы қозғалысымен үйлестіріп басу, сызықтан шықпай жүру қабілетін нығайту. Алақаны мен табанын тіреп еңбектеуге жаттығуды жалғастыру; организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Жануарлардың табиғаттағы тіршілігі туралы түсінігін кеңейту, экологиялық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету. Балаларды орманға саяхатқа аттануға шақыру. **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекте жүру және жүгіру, арасында табанның сыртқы жағымен жүру. Ойын түріндегі жаттығу «Табиғат ғажайыптары» (демді іште ұстамай, мейлінше дәл орындауға тырысу қажет). Жұмбақ жасыру. Үстінен тоны түспеген, Сонда да араз қыспенен.	**Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр» Мақсаты:** Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету. Ойын шарты: үкі туралы әңгімелейді және үкі қауырсынын керекті затқа орналастырады. Мысалы. Үкі – орман құсы. Оның жүні үлпілдек. т.б. Үнтаспадан үкі дыбысын тыңдатып, үкі дыбысын қайталап салуды ұсынады (кук-кук-кук) **Сергіту жаттығуы** «Қуыршақ» өлеңі Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Жуынбайсың сен неге, Кірің жоқ па, қуыршақ? Аяғың бар ма, сен неге, Жүре алмайсың, қуыршақ? Жұмсағанда сен неге, Тіл алмайсың, қуыршақ? Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба, қуыршақ? (Р. Тышқанбаев) Даусын айнытпай сал: Құлыншақтан қуыршақ, Шауып жүріп құлады.

	Музыка – «Көңілді аспаптар» Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру, ұрмалы, үрмелі аспаптарда жеңіл ырғақтар ойнап дағдылану. Ән тыңдау: «Балдырғандар әні» (Б. Дәлденбаев, Н. Жанаев) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай Ойын: «Ырғақты қайтала» Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады.Екінші бала сол әуенді аспапта қайталап ойнайды. Бала дұрыс тауып	**жалпы дамыту жаттығулары.** **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау:** 1.Бір-бірден тізбекте жүгіру (шеңбермен айналып жүгіру, жалауларды айналып солға, оңға жүгіру, жалауларға жанаспай жеңіл, ырғақпен жүгіру). 2.Екі аяқтап секіру – қозғалысты ырғақпен орындау. 6 метр қашықтыққа алақаны мен табанын тіреп еңбектеу. Жұптасып жасалатын қимылды түсіндіру – алдымен бірінші қатар екіншісіне қарай еңбектеп жүреді және өз	үйрету; Өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында); Геометриялық пішіндердің орналасу ретін түсіндіру; Балалардың бойында тәртіптілік, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Суретпен жұмыс. Дәптердегі сурет бойынша әңгіме жүргізу. 1-тапсырма. Бір күні анасы мен қызы хайуанаттар бағына барады. Қызы торда тұрған арыстанды көріп, таңырқап, қасында тұрып қалады. Оның қалып қойғанын байқамай анасы алдыға түсіп жүріп кете береді. –Қыз нешеу?	Жаз бойы жегені – жидек пен бал, Қыс бойғы мекені – апан. (Аю) Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян) **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау** 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Секеңдеген қояндар». Бір орында 20 рет секіреді. Түсіндіреді – түлкі естіп қоймас үшін аяқтың ұшымен секіру қажет. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт». Қос пареллель сызықтан (жіптерден) жасалған қос жол (жол арқылы орманның арғы шетіне өту, жолдан шығып кетуге болмайды, әйтпесе, орманда адасып кетеді). Ойын түріндегі жаттығу: Қимыл-қозғалыс ойыны: **Ұлттық ойын:«Көтермек»**	Салшы даусын, қуыршақ, Сонда қалай жылады? (Жылаған дыбысты келтіреді). Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **(Тіл дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру)** Сол ойыншықтардың суретін салу,жапсыру **(сурет салу,жапсыру)**

	ойнаса, балалар қолдарын шапалақтайды.	орнына қайтып оралады. **Ұлттық ойын:** «Қыз - қуу» Ойын шарты: Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Қазақ тілі** Міндеттері:**Тілді к дамытушы орта** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды	–Арыстан нешеу? 2-тапсырма. Балалар суреттен 1саны және 1 цифрымен танысады. Педагог 1 цифры туралы өлең оқып беріп, оны балаларға жаттатады. Бір дегенің бірінші, Тұрады ғой қатарда. Көтеріп ап танауды, Бастайды ол санауды. Педагог балаларға сандар қатарынан 1 цифрының орнын тауып, сонша моншақты бояуды ұсынады. 3-тапсырма. Содан соң ол балаларға өзге цифрлардың арасынан 1 санын тауып, оны қоршап сызуға тапсырма береді. Сергіту сәті: Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. 4-тапсырма. Педагог балаларға суреттерді қарап шығып, бірдейлерін бір-біріне қосуды тапсырады.	Ойын шарты:Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **“Адал азамат”** Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. **(Тіл дамыту)** Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)** Кітапқа қамқорлық таныту.”Адал азамат”	

		талқылауға мүмкіндік беру. Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. **(сурет салу)** Нанды қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. **(мүсіндеу)**	5-тапсырма. Педагог балаларға бірінші және екінші қатардағы пішіндердің қалай орналасқанына назар аударуды ұсынады. – Балалар, пішіндерді дәл осындай ретпен орналастыра отырып, қатарды жалғастырыңдар. **(қоршаған әлеммен таныстыру,математика негіздері)** Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. **(Тіл дамыту)** Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық. **(жапсыру)** Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау.		
Серуен	**№ 1** **Ауа райын бақылау**	**№ 2** **Күннің көзін бақылау**	**№ 1** **Желдің соғуын бақылау**	**№ 2** **Шөптін солуын бақылау**	**№3** **Ағаштарды бақылау**

	Мақсаты: Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын.	**Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақтар жасыру. Ақ сандығым ашылды, Жұрттың бәрі соны сүйеді, Ішінен жібек шашылды. Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) (Күн) **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Күн**	**Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру. Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру» Мақсаты: Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. Физикалық қасиеттерін жетілдіру	**Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын**:** **«Көгершін»** ойын (шешен-ингуш ұлттық ойыны) Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**Мақсаты*:*** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ Көкөніст көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. **Коммуникативтік дағды** **Қ/О:«Өз жұбыңды изде!»** **Мақсаты:** Қимылептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгішті кке, үлкендерге көмекке келуге баулу. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)** **«АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!»** Ұзақтығы: күні бойы Топ: ересек (4 жастағы балалар)

	Коммуникативтік дағды **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын:** **«**Сақина жасыру**»** Ойын шарты:Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар	**шуағы мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Еңбек: Тәрбиешіге көмек Мақсаты: Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. Танымдық іс – әрекет дағдылары Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Коммуникативтік дағды **Ұлттық ойын:** «Соқыр теке» Ойын шарты:Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар	**Еңбек: Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау.** *Мақсаты:* Тырнауышта рмен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету. Міндеттері: ▪ Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға терезенің жанында өзін ұстау ережелерін үйрету. Материалдармен ресурстар: Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Терезелердің жанында сақ болудыңмаңыздылығы туралы әңгімелеу. Терезелералдындағықауіптер: Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер сіз ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз

	жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді **Бір тұтас тәрбие**		осы шеңберден шықпауы керек.Ойынды жүргізуші «тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, «Соқыр теке» былай дейді: Қараңғыда көзім жоқ, Тиіп кетсем сөзім жоқ Маған жақын келіңдер, Біреуін ұстап беріңдер. Мұнан кейін «Соқыртекені» айнала қоршаған балалар Соқыр, соқыр, соқырақ Ұмтыла қу ұстауға Тырысамын түспеуге Сенің айла, қуыңа Ал ұстап көр батырым Міне келе жатырмыз,-деп өлеңдерді бірге қосылып айтады.Өлең айтылып болысымен,«Соқыртеке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қадағаланады. «Соқыртеке» ұстаған		мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз».2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлапқалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз». 4-ереже. Егер сіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз». **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**

			бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады **“Адал азамат”**		
Балалармен жеке жұмыс	_____ жеке жұмыс: Тұрған орнында қос аяқпен алға қарай жылжып, биіктен және ұзындыққа секіреді.Тік нысанға заттарды лақтырады **Физикалық дағды**	_____ жеке жұмыс: педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады: **Коммуникативтік дағдыларын дамыту**	_____ жеке жұмыс: Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,ішінара атайды **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	_____жеке жұмыс: Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүіндей алады **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	_____жеке жұмыс: сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **Әлеумет**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарга балалардьщ тазалығы, денсаулыктары жайлы кунделікті айту,	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ата-аналармен балалардын коршаган ортамен, достарымен карым- катынасы жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»

ересек топ
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06 – 10 қазан 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» Әнұран айту. **“Адал азамат”**	Достарым әнімен қарсы алу Күй әуенін қосу**.** **Күй күмбірі**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Күй әуенін қосу. **Күй күмбірі**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу Күй әуенін қосу. **Күй күмбірі**	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Күй әуенін қосу. **Күй күмбірі**
	Апта дәйек сөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, **“Адал азамат”**	«Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігіне дайындық жасау,тақпақ, ән. **“Адал азамат”**	Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. **Экологиялық тәрбие**	«Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру **Экологиялық тәрбие**	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №4 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындату				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру “Адал азамат”				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Математика негіздері	Құрастыруға қолданғанқұрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. Құрастыру	Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстыру	Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу Құрастыру	Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейінжеткізе білу, оны жақсы орындау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдыңбайланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі(таза ауада) Міндеттері: Үш дөңгелекті велосипед	**Дене тәрбиесі Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп	**Музыка** Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,ша	**Дене тәрбиесі Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше	**«Әдемі торғай» Міндеттері:** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен

	тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет:	траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. **Негізгі кезең** Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Жаттығулардың орындалу барысын	ңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Ш ымыл дық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайд ы. Шеңбер бойында	биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру. **Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды** Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде**	біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Педагог балаларға тақпақ оқиды:** Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. – Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші? – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қарқылдайды, шықылықтайды. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып

	Ұйымдастыру кезеңі. Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. ІІ. Негізгі кезең. Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бірбірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен) 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз. П.: қолды алға,	қадағалау. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау. **Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар» Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату. Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын	отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс. **Қанатты достар Міндеттері:** Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқып, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды көңіл күй қалыптастыру. «Тырналар» Қастек Баянбай Аспанда самғайды, Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды, Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда. Бірлікті кім мұндай? Бұзылмас қатары. Кәдімгі шынжырдай.	**орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл»** Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру**.** Үш доғаның астымен еңбектеп өту. Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады. **«Кім епті?» ойыны Шарты:** 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту. **Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат»** Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді. **«Қарынға массаж жасайын» ойыны** Ұйымдастырылған іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру.	алайық, Ұямызға қонайық. **Торғай туралы мәлімет беріледі.** Оның дене құрылысына талдау жасалады. – Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді? – Торғайды мүсіндеп, суреттегі торғай қонып отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. – Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. Ағаштың бұтағын қағаздан қиып алып жабыстырамыз.

	кеуденің деңгейіне, жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз. 2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз. П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз. 3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз. П: алға қарай еңкейеміз (солға). 4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз. П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз. 5. Б.қ.: аяқтарымыз ды қосып, қолымызды белге қоямыз. П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде лек-лекпен орындау, балалардың назарын тапсырманы орындағанда арақашықтықтарын	сақтауын қадағалау. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру. Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет. **«Көгершінді қуып жет» ойын** **Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру. **Ойын: «Кім зейінді?»** Балаларды ынталандыру Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру. **(математика негіздері)** Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай	Күз белгілерін айтуды ұсынады. Ауа райын күнтізбеге белгілеу. Жұмбақ жасыру. Қанаты бар талмайтын, Биіктерге самғайтын. Неше түрлі әнге сап, Жер-әлемді шарлайтын. (Құстар) – Құстар табиғаттың жанды әлде жансыз бөлігі ме? Күзде құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болады? Құстардың барлығы ұшып кете ме? **Негізгі кезең** Құстар бейнеленген суреттерді қарастыру, әңгімелесу. Өздері білетін құстарды атайды: қарға, торғай, қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай, сарышымшық, суықторғай. Қандай құстарды жыл құсы деп атайды (бұлбұл, қарлығаш, тырна, қараторғай). Ал қандай құстарды қыстап қалатын құстар деп атайды? (Торғай,	Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру**. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру **(құрастыру)** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету **(көркем әдебиет)** Тамақты ішсең күнде сен Белгілі бір мезгілде Таңертең,	Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Әртүрлі құстардың суреті көрсетіледі. «Жапалақ» ойынын ойнайды. «Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады.Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді. **(қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру, мүсіндеу)** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. **(көркем әдебиет)** Көп - аз ойыны. Құстарды топтастыру,әңгімелесу. **(математика негіздері)**

	сақтауға аударады. Төсеніштердің арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүру, жүгіру. Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады (қол моторикасын дамыту). Спорттық жаттығулар Үш дөңгелекті велосипед тебу. «Кім тезірек келеді» Шарты: Екі қатарға бөлініп,жарысып ойнайды,қай топ бірінші келсе,сол топ жеңімпаз болады. «Орныңды тап!» Шапрты: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу. Тыныс алу жаттығуы: «Ара» Педагог қалай тұру керектігін көрсетеді:	құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Құстардың тіршілік ететін ортасы туралы әңгімелесу. **(Тіл дамыту)** **Ұлттық ойын: «Бөрік жасырмақ»** Ойын шарты: Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек.Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға	қарға, сарышымшық, суықторғай). Неліктен құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Құстардың жылы жаққа ұшып кету себебі «күн суытып, құстардың жейтін қорегі қалмауы, жәндіктердің жоғалуы» деген секілді болжамдарын айтады. (**Қоршаған әлеммен таныстыру**) **Әртүрлі құстар туралы жұмбақтар жасырады.** 1.Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) 2. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) 3.Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 4.Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды,	түсте,түстен соң Жатар алды кезінде, Балаларға уақытты бағдарлауға үйрету. (математика негіздері) Ас адамның арқауы Дені саудың жаны сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту **(Тіл дамыту)** **Ұлттық ойын: «**Арқан тарту.» Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса ,құламаған бала жеңіске жетеді. **“Адал азамат”**	**Ұлттық ойын: «**Сақина жасыру» **Ойын шарты:**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. **“Адал азамат”**

	қолдарын кеудесіне айқастырып, бастарын төмен түсіріп, денені тік ұстап тұрады. Ара ызыңдады: «Жу-жу-жу» (кеуде қуысын қысып, демді сыртқа шығарған кезде: ж-ж-ж деген дыбыс шығарамыз, содан соң тыныс алған кезде қолдарымызды қапталға созып, иықтарымызды жазып айтамыз …) ЫЖылдаймын-ыжылдаймын, Осылайша бал жинаймын. 5 рет қайталайды. Балалардың мұрын арқылы әрі терең дем алуына көңіл бөліңіз. Педагог тақпақ айтып береді: Денсаулық ол – шыныққан,барлық дене мүшесі. Денсаулық ол – тыныққан, жүйке тамыр жүйесі. Денсаулық ол – күлуің, көңіл күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай.	қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады.Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып,бөрікке жібермеуге тырысады.Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады.Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды.Қайткенде де алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек.Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да , ойынаушының	Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан) 5.Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға) **Педагог беретін ақпарат:** Қыстап қалатын құстар қандай? Қарғалар, ұзақтар, көгершіндер мен торғайлар адамдардың тұрағының маңында өмір сүріп, тағам қалдықтарын жеп үйренген. Олар қыста ешқайда ұшып кетпейді. Қанатты достарымыз адамға қандай пайда әкеледі? Қыста құстарға кім көмектесуі керек? Сонда оларды қалай ажыратады? Болжамдарымен бөліседі: қауырсындарына, сыртқы түріне, үлкендігіне қарай ажыратады.		

	Қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет,қазақ тілі «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді. Тіл дамыту «Бағдаршам» ойыны Шарты: Дөңгелек затты бастырып,бағдаршам бейнесін жасау. Сурет салу Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. Құрастыру Музыка Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді. **“Адал азамат”** **Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу: **Тілдік дамытушы орта** Міндеті:Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор** Қоршаған ортадағы заттар мен	«Сөз» ойынын ұсынады. Біз тамақты немен жейміз? (Ауызбен). Ал құстар ше? (Тұмсығымен). Адамның денесі терімен жабылған, құстардың ше? (Қауырсындармен). Бізде аяқ бар, құстарда ше? (Сирақ). Біздің қолымыз бар, құстарда ше? (Қанат) Сарышымшық пен қарлығаш туралы салыстыру әңгімесін құрастыруды ұсынады. Аудиожазбаны тыңдауға шақырады. Құстар сыртқы түрімен ғана емес, әртүрлі дыбыспен сайрауымен де ерекшеленеді. Аққу қиқулайды. Бозторғай шырылдайды. Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін, үкі уілдейді. Көкек көкектейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш, сауысқан шықылықтайды. Тоқылдақ тоқылдайды.		

	Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Шымыл дық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс.	өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді үйрету Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз) **Ұйымдастырылған іс-әрекет**: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады) Өрім дей болып өрілер	Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Торғай шиқылдайды. **Сергіту сәті:** Қарлығашқа ұқсайық, Кәне, қанат жасайық (Екі қолын қанат етіп жаяды). Қарлығаш боп ұшайық, (Қолын сермемей, қалықтаған қимыл жасайды). Орнымызға қонайық (Орындарына отырады). Орманның біз емшісіміз, Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады). Құрт біткенді жоқ етеміз, Жоқ, жоқ, жоқ, (Қолдарын артқа ұстап, бастарын екі жаққа кезек бұрады). Тоқ, тоқ, тоқ, Жоқ, жоқ, жоқ. **Тәжірибе жасау: «Құс қауырсынының құрылысы қандай?»** Қарапайым тәжірибе жасайды: қауырсынды қарастырып, оның өзегі бар екенін, өзектен жіңішке талшықтардың тарайтынын айтады. Қауырсынды суға		

		(қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді. - Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап	салады, ол суланбайды деген қорытынды жасайды. Демек құстар қауырсынға бірдеңе жағады (мысалы, май). Қауырсынды бетіне тигізеді – жылы – демек, олар жылу үшін қажет. Қауырсынның ұшын кеседі – ішінде бос қуыс, демек, қауырсын жеңіл. **«Жас эколог» экологиялық жоба «Жасырынбақ»:** Суреттің артына бір құс жасырынып қалған: сирақтары мен құйрығы ғана көрінеді. Құсты ата (сауысқан). **«Торғайға жем шаш» тапсырмасын орындайды.** Сары шымшық тұзы аз майды жақсы көреді. Торғай – шемішкені, түрлі дәндерді жақсы көреді. Суықторғай – жидек жегенді ұнатады. Торғай үшін шемішкенің суретін сал. **Жұмбақтар шешеді:** 1.Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы,		

		тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. - Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ	Достарға аялы. (Құс ұясы) 2.Тал басында түндіксіз отау (Ұя). Серуен кезінде құстың ұясын көрсетіп, бақылауды ұсынады. Құстар ұясын неден жасайды? Ұя салу үшін құсқа не қажет екенін анықтау. **Ойын: «Менің достарым» Шарты:** Балаларға кеспекағаздарды таратып беріп, құстың сипаттамасын таңдайды, оны атайды. **(көркем әдебиет және Тіл дамыту)** Ойын: «Оң және сол» Шарты: Оң жақтан қандай құстарды көріп тұрсың, ал сол жақтан? **(Математика негіздері)** Құстардың суретін салу жолдарын үйрету**.** **(Сурет салу)**		

		сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Сандық – киім - кешек, б. б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о - - өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. Балалардың жауабы: Киіз үй құрлысын атап береді. - Кереге, шаңырақ ,,уық,, босаға, сықырлауық, табалдырық, маңдайша. Киіз үй жабдықтарын атап береді. - Іргелік, туырлық, үзік, түндік, ши, есік.**Тіл дамыту Дидақдикалық ойын: «**Киіз үйді әшекейлеу» **Шарты:**Ою			

		өрнектермен киіз үйді әшекейлейміз **құрастыру**			
Серуен	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық**	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге	**№ 7** **Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақтар шешу** Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды**	**№ 26** **Топырақты бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** **Тақпақ оқу «Күз келді»** Қыр мен сайда Орман, тоғайда Ағаштар мен гүлдер Байқайсың ба, Кеуіп солды ғой. Күн суыды, Гүл солды. Бізді тастап Сезесің бе, Құстар да кетті. **Коммуникативтік дағды** **Мақсаты:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: құрап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға	**№10** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Балалармен жеке жұмыс Тақпақ Көкөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. Коммуникативтік дағды Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Физикалық қасиеттерін жетілдіру Еңбек: Аланда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)

	қасиеттерін жетілдіру ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды** **Ұлттық ойын: «**Дауысынан айыра біл**!»** Ойын шарты:Ойнаушылар алқа-қотан отырады. Ортаға көзі байланған бастаушы шығарылады. Ол ойыншылар білетін бір өлеңді бастап, бір шумағын айтады. Отырған балалардың	жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	**ойын: «Кең қадам»** **Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту** **Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»** **Мақсаты:** Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ұжымдық тапсырмаларды орындау.** **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс –**	

	біреуі екінші шумақты айтып, өлеңді әрі қарай жалғастырады. Өлең аяқталғаннан кейін бастаушы кімнің өлең айтқанын дауысынан айыра білуі керек. Егер ол дәл тапса, онда екінші шумақты айтқан бала бастаушы болады. Өлеңді кім айтқанын бастаушыға сездірмей келісіп алу керек. **“Адал азамат”.**			**әрекет дағдылары**	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету Қауіпсіздік	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Қауіпсіздік	**В/К :** «Табиғатты аялайық» **Тақырыбы: «Су және оның қасиеттері» Міндеті:** Балаларға судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Балалардың ізденушілік-зерттеушілік әрекеттерін жетілдіру, дүниетанымын кеңейту. Қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, табиғи ортаның біртұтастығын түсіндіре отырып, экологиялық	Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау Құрастыру,жапсыру, мүсіндеу.	«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР» Міндеттері: ▪ Балаларға үйдегі қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерін үйрету. Материалдармен ресурстар: Әртүрлі заттарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (қауіпті және қауіпсіз). Ұйымдастырылған іс-әрекет: Үйдегі қауіпті заттарды

			адамгершілік тәрбие беру. **Барысы:** Шаттық шеңбері: «Армысың ба, балалар». Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде слайд арқылы түсінік беру. Глобуспен таныстыру. Тәжірбие: «Сиқырлы су» Мақсаты: Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		білудің маңыздылығы жайлы қысқаша әңгімежүргізу. Қауіпті заттармен әрекет ету ережелеріҮйдегі қауіпті заттар: Тәрбиеші үйдегі кейбір заттардың қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Қауіпті заттар: пышақ, дәрі-дәрмектер, тазалау құралдары, розеткалар, ыстық заттар (үтік, пеш), жиһаздың бұрыштары. 1- ереже. Пышақтарды немесе басқа өткірзаттарды ұстамаңыз. Түсіндіру: «Пышақтар өте өткір және жарақаттауы мүмкін. Әрқашан ересектерден көмек сұраңыз». «Бола ма немесе болмайма?» ойыны Тәрбиеші әртүрлі әрекет берілген суреттерді көрсетеді (мысалы, «пышақты ұстау», «ойыншықтармен ойнау», «пешке жақын

					бару») және балалардан бұл әрекетті істеуге бола ма, жоқ болмай ма деп сұрайды. Балалар «болады» немесе «болмайды» депжауап беріп, себебін түсіндіреді. «Қауіпсіз затты тап» ойыны **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Балалармен жеке жұмыс	**_____жеке жұмыс.** Бетін қолын өз бетінше жуады. (**Физикалық қасиеттері**)	**_____жеке жұмыс** Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**_____жеке жұмыс** Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айта алмайды **(коммуникативтік дағды)**	**_____жеке жұмыс** Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгіге қарап,зерттейді **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**_____жеке жұмыс** сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **(Әлеумет)**
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Менің Отаным – Қазақстан!»

ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 14.10. – 18.10.2025 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«**Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы **Күй күмбірі** Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі** Балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру **“Адал азамат”**

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.	Ата-аналармен әңгіме: Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	**Біртұтас тәрбие жоспарынан:** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар ойнату **Апта дәйек сөзі:** «Отанды сүю - отбасынан басталады!» **Қазақ тілі**	**«Мозайка»** (көліктердің суреттері) **Шарты:** Үлгі суретке қарап,құрастыру және әңгімелеп беру. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**«Қызықты лабиринт»** **Шарты:** Саусақтарын жүргізу арқылы орындалады немесе әр бала өз қалауымен жасайды. **Математика негіздері**	**«Көліктер және оның түрлері»** **Шарты:** Тәрбиеші балаларға ауада,суда,жерде журетін көліктердің суреттерінің бөліктерін таратып шапшаң құрастыруын сұрайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**«Көп және біреу»** **Шарты:** Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп**, екі жаққа қояды. Математика негіздері**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **№ 5** (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.	Қимылды ойын: «Алма кімде?» Шарты: Музыка әуені арқылы ойнап,алма кімнің қолында қалса,сол ортаға шығып билейді. **Музыка**	Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу **Құрастыру**	Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм,	**«Көлік түрлері»** **Шарты:** Ортаға балаларды алма кезек шығарып үлгі суретке қарап,көлік түрлерін орналастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру**

				су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтауды үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі (таза ауада)** **«Достармен бірге ойнаймыз»** **Міндеттері:** Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Жалпы дамытушы** жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.	**Дене тәрбиесі** **«Қуыршақтар: Айя, Майя, Серік пен Арман»** **Міндеттері:** Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою **Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Музыка** Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу(қобыз,ксилофон, сыбызғы,асатаяқ)аспаптарын ажырату.Әр аспап туралы мәлімет беру.Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов) (ксилофон,асатаяқ) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Көңілді музыканттар» Ойын шарты: Аспаптардың үнін әндете	**Дене тәрбиесі** **«Ғажайып сандық»** **Міндеттері** Негізгі қимылдар. Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. **Жүгіру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды	**«БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»** Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. Міндеттері: Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру. Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету. Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту. Материалдар мен ресурстар: әртүрлі

	Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру.	Ұйымдастыру кезеңі. Ойын сәті: балаларды сиқырлы таяқшаның көмегімен қуыршаққа айналдыру. **Негізгі кезең.** Ойын түріндегі жаттығу: «Қуыршақтар жүреді – қуыршақтар жүгіреді» – музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүреді, жүгіреді. Балалардың арақашықтықтарын сақтау, ырғақпен музыкаға сай қозғалу, мұрын арқылы демалу қабілеттерін қалағалау қажет. **Жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау.** Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау. Екі тізбекке тұру. Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Құлатпай алып өт» – жіптерден жасалған қос сызықтың ортасымен әдемі жүріп өту қажет. Өзін айналып бұрылып бір орында секіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-бұрыл». Бір қатардағы қуыршақтар музыканың ырғағымен секіреді, екінші қатар қол шапалақтап тұрады. **Қимыл-**	отырып,ұстау,ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,, «Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық» **Міндеттері:** Жол бөліктері, бағдаршам белгілерімен таныстыру. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер), жүктің сипаты және қолданылуы мәшиненің құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру мәшинесі және тағы басқа)	ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Ойын: «Секір-бұрыл».** Шарты:секірген кезде бұрылу қабілетін нығайту. **Күтілетін нәтиже:** жасайды: **Ойын түріндегі жаттығу:** «Сандықты тап!». Балалармен бірге сиқырлы сандықтан тапқан ойыншықтарды зерттеу. **Негізгі кезең. Ырғақты-музыкалық қозғалыстар.** **Ойын түріндегі жаттығу:** «Бізге кім қонаққа келді?» – табанның сыртқы жағымен жүру. Тізбекте	адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс). Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Есікті кімге ашуға болатынын не болмайтынын білу неліктен маңызды екендігі туралы қысқаша әңгімелеу. Кімдерге есікті ашуға болады: Тәрбиеші балаларға тек жақын адамдарға ғана (мысалы, ата-әжесі, анасы, әкесі, көрші) есікті ашуға болатынын түсіндіреді. Есікті ашпас бұрын, тіпті есіктің артында таныс адам болса да, әрқашан атаанаңыздан рұқсат сұраумаңызды. Кімдерге есікті ашуға болмайды: Балаларға таныстарыңнан келдім десе де, бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайтынын түсіндіру.

	II. Негізгі кезең. Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бірбірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен) Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады **(қол моторикасын дамыту).** **«Кім тезірек келеді»** Шарты: Екі қатарға бөлініп,жарысып ойнайды,қай топ бірінші келсе,сол топ жеңімпаз болады. **«Орныңды тап!»**	**қозғалыс ойыны:** **«Сиқырлы таяқша»** Педагог сиқырлы таяқшаның көмегімен балаларды қуыршаққа айналдырады. **Дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі** Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың. Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. **Көркем әдебиет** «Бағдаршам» ойыны шарты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады. **Математика негіздері** **«Бағдаршам»** шарты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерден бағдаршамды жабыстырады. **Жапсыру** **Ұлттық ойын** «Қыз - қуу» Шарты:Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.	қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. - жолда жүру ережелері, бағдаршам түсінің, «Жаяу жүргінші өткелі» жол белгісі белгілеріне қарай өту дағдыларын дамыту; - көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **«Кім қандай көлікпен келді?» ойыны** **Ойын шарты:** педагог балаларды шеңбер бойына тұрғызып, допты лақтырып, балабақшаға қандай көлікпен келгендігін сұрайды. Балалардан көлік түрлері: автобус, ұшақ, кеме, пойыз туралы сұрай отырып, көлік	бір-бірден музыканың ырғағымен жүру жаттығуларын кезекпен орындау (музыканың ырғағы мен характері әртүрлі, әр қонақ өзінше жүреді және әрқайсысының өз музыкасы бар) Ритмдік гимнастика: жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау. Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау. Екі тізбекке тұрады. **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу:** «Жолмен жүріп өт». Нұсқау – ырғақпен,	Егер бейтаныс адам есікті қақса, бұл туралы үлкендерге хабарлау керек және ешбір жағдайда есікті ашпауды түсіндіру. «Кімге есік ашуға болады» ойыны Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б. «Қауіпсіз қоңырау» ойыны Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар неістеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға есік ашпау керек»). **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге**

	Шарты: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу. **Тапсырмалары бар қораптарды көрсету.** Ойнап көреміз бе? деп«**артығын тап»** айдарында тапсырмаларды орындату. Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ пен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар. **(математика негіздері)** дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс **(Сурет салу)** **Музыка**	**“Адал азамат”** **Қазақ тілі** **Міндеті:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс әрекет:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі Күз мезгілінде неше ай бар? -3 -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады балалар? Жаңбыр жауады,күн суытады Өте жақсы балалар Балалар бүгін біз сендермн үй жануарлары және жабайы аңдар туралы өтеміз Қандай үй жануарларын білесіңдер? сиыр,қой,ешкі,түйе,лақ,ит,мысық,тауық -Қандай жабайы аңдарды білесіңдер? аю,қасқыр,түлкі,қоян,арстан Жарайсыңдар! -Балалар сендерді ата-аналарың қалай еркелетіп атайды?	жүргізетін адамдар туралы әңгіме жүргізеді. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** **Негізгі бөлім** Педагог көліктердің қоғамдық, жеке және жүк көліктері болып бөлінетіндігін айтады. Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? (Жүргізуші) Жүргізуші ең бастысы нені білу керек? (Мәшине жүргізуді, жолда жүру ережесін және т.б). Балаларға көлік түрлерінің суреттерін көрсете отырып, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтуға болатындығын сұрайды (көліктер). Егер бала жауап бере алмаса, өзі айтады. Ойыншық мәшинелерді көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрайды. Мынау не? (Автобус). Автобус	адымды барынша кеңірек ашып жүру қажет. **«Тізерлеп тұру»** қалпында допты бір-біріне домалату. Балалардың назарын допты қолмен екпінмен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға аударады. **Ойын: «Секір-бұрыл»** Ойын тәртібін еске салу. Балалардың жерге дұрыс түсуін қадағалау. **Ым-ишарамен жаттығу** Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру **Математика негіздері** Жол белгілерімен, жол	**бағытталған балалар әрекеті түрі** **«Көліктер»** **Міндеттері:** Бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға,ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Көлік түрлері туралы, мәшиненің қызметі және бөлшектері туралы түсінік беру. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау. Жеке заттарды салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақ жасырады: Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды?(Автобус) Ғажайып сәт. Топқа есік қағып Айдар мен Айсұлу есімді қуыршақтар келеді.

	Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу(қобыз,ксилофон,сыбызғы,асатаяқ)аспаптарын ажырату.Әр аспап туралы мәлімет беру.Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов) (ксилофон,асатаяқ) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Көңілді музыканттар» Ойын шарты: Аспаптардың үнін әндете отырып,ұстау,ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты	-ботақаным,құлыным,қозым Демек ата-аналарың сендерді қатты жақсы көреді) Үй жануарларына қамқорлық жасап,көмектесуіміз керек,оларды жабайы аңдардан қорғауымыз қажет. Сергіту сәті: Қоян шықты далаға, Жан-жағына қарады. Жүгірді,секірді,орнына отырды Балалар енді жұмбақ шешейік: Сылдырдан қорқады, Шалынып жортады. ҚОЯН Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Шарты:Әр жануарлардың өзіне сәйкес төлін табу -Қорытынды:балалар бүгін біз сендермен қандай тақырыпта сабақ өттік? Үй және жабайы жануарлар -Үй жануарларына не жатады екен? ит,қой,ешкі,жылқы -Жабайы аңдарға не жатады екен? аю, түлкі,қасқыр Жарайсыңдар балалар! **Д/ойын:»**Көлеңкесін тап» Шарты:Жабайы жануарлардың көлеңкесін тап **дидактикалық ойыны**	қандай жерлерге барады? (Ауылға, қалаға барады). Ал мынау не? (Трамвай). Трамвай қандай жолмен жүреді? (Ол – трамвай). Трамвай темір жолмен жүреді (Трамвайға адамдар бір жерден екінші жерге бару үшін отырады). Адамдар трамвайды не үшін (қандай мақсатта) пайдаланады? Автобус пен трамвайдың ұқсастықтары қандай? (Екеуі де адамдарды тасиды. Екеуінің де кабинасы, шанағы бар). Айырмашылықтары қандай? (Трамвай автобус сияқты кез келген жерге бара алмайды. Олардың дөңгелектері әртүрлі). Трамвайдың кез келген жерге бару үшін не керек? (Темір жол керек).	қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу **Қоршаған әлеммен таныстыру** Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны, **Тіл дамыту** Ұзын және қысқа жолдарды ажырату **Математика негіздері** Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді) А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма? Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме? С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба? D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба?	Қуыршақтардың көңіл күйлері жоқ, өйткені күнде серуенге шығатын мәшинелері сынып қалыпты. Педагог: –Айдар мен Айсұлуға көмектесейік, оларға мәшине жасап берсек қайтеді, балалар? Педагог: Бүгін біз мәшинені жапсыруды үйренеміз. Үлестірмелі материалға назар аударады. – Мәшинеңің пішіні қандай? Мәшине қандай көлік түріне жатады? Оның көлемі үлкен және пішіні тіктөртбұрыш тәріздес, сонымен қатар терезелері, дөңгелектері, негізгі бөлігі (корпусы) болады. Енді мәшине бөліктерін геометриялық пішіндерден жапсырамыз. Ең алдымен негізгі бөлігін жапсырамыз. Содан кейін доғал бұрышын, терезелерін,

	білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,,	«Өз мекенін тап» Шарты:Балаларға ойыншық үй жануарлары мен жабайы жануарларды таратады. Үй жануарларын үй макетінің жанына, жабайы аңдарды орман макетінің жанына қоюды ұсынады.	Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді? (Пойыз жүреді). Не үшін барады? Пойыздың қандай айырмашылығы бар? (Пойыз алыс жерлерге бара алады. Және пойыздың бірнеше вагондары бар. Сол себепті ол ұзын). Ұқсастықтарын неден байқауға болады? (Пойыз да адамдарды тасиды. Бірақ пойыз адамдарды алыс-алыс жерлерге апарады). Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер? (Ұшақ, кеме). Ұшақ пен кеменің айырмашылығы неде? (Ұшақ аспанда ұшады, ал кеме суда жүзеді). Қоғамдық көлік түрлерінің құрғақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеде ұшатын	д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе? Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе? **Көркем әдебиет** **Ұлттық ойын:**«Түйілген орамал» Ойын шарты:Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа	дөңгелектерін жапсырамыз. Сонымен қатар, оның шамдары мен вамперлері де болады. **Сергіту сәті:** Біз кішкентай баламыз, Өсіп-жетіп толамыз. Көкке қарап талпынып, Күнге қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай қалықтап. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық. **Жапсыру,Тіл дамыту** Сұрақтар ілмегі Жүргіншілер қай жолмен жүру керек? - Жиек жолмен жүреміз. - Жиек жол болмағанда ше? - Жер асты жолымен. - Жолдың қай жағымен жүру керек? Оң қол жақпен жүреміз. - Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз? - Аялдамадан отырамыз. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (пазлдар,

			болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемені басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу. Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайдың жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын кемелер мен пойыздың бар екендігіне тоқталу. Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы. Сендерге осы көлік	біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы. **“Адал азамат”**	балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды. **Құрастыру** Ойын: «Кімнің суреті әдемі?» Шарты: Бағдаршамның суретін салу,көзін ермексазбен толықтыру. **Сурет салу,мүсіндеу**

			түрлерінің ішінен қандай көлік таныс? Өрт сөндіруші мәшинесін қандай жағдайда пайдаланамыз? Өрт сөндіруші мәшинесінің түсінің неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем мәшинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем мәшинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы (кабинасы, шанағы, дөңгелектері) туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді. **Ойын: «Дауысынан таны».** Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі, ұшақтың, кеменің т.б) дыбыстары		

			естіледі. № **Ойын «Сипатта»** Көп суреттердің ішінен өзіне ұнаған көлік түрі туралы алып, сипаттап айтып беру тапсырылады. **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Балалармен жүк мәшинесі, жедел жәрдем мәшинесі, өрт сөндіру мәшинесі, жол бөліктері, бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері, жаяу жүргінші өткелі сөздері мен сөз тіркестері бойынша сөздік жұмысын жүргізу. Ойын: «Бағдаршам» Міндеті:Балаларды жол ережесімен таныстыру Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. **Тіл дамыту,қоршаған әлеммен**		

			таныстыру,танымдық зерттеу әрекеті «Қала жолдары» ойыны Шарты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. **Сурет салу**		
Серуен	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе:** Желге қарсы жүгіру. Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын.	**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Міндеті:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Күн шуағы мен жаңбыр»** **Міндеті:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау.	**№ 5** **Аспанды бақылау** **Міндеті:** Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғттардың арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұшақтар»** **Міндеті:** Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту.	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 3** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.

	Физикалық қасиеттерін жетілдіру **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Ұлттық ойын:** «Арқан тарту» Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **“Адал азамат”**	**Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Міндеті:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Көтеріңкі, көңіл күйде болуға баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру **Міндеті:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын**«Көтермек» Шарты: Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **“Адал азамат”**	Жұмбақ Көзі жасты – жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Міндеті:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.	**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеті:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Ұлттық ойын:«**Сақина жасыру» Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң

				Танымдық іс – әрекет дағдылары	жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді **“Адал азамат”**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. **(жапсыру) экологиялық мәдениет**	Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** экологиялық мәдениет Құмнан қоралар жасау. **(құрастыру)** Ойындар ойнату.	**В/К :** «Табиғатты аялайық» **Тақырыбы: «**Су және оның қасиеттері» **Міндеті:** Балаларға судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Балалардың ізденушілік-зерттеушілік әрекеттерін жетілдіру, дүниетанымын кеңейту. Қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, табиғи ортаның біртұтастығын түсіндіре отырып, экологиялық	Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті **(мүсіндеу, Тіл дамыту)экологиялық мәдениет**	Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау **Құрастыру,жапсыру, мүсіндеу**

			адамгершілік тәрбие беру. Барысы: Шаттық шеңбері: «Армысың ба, балалар». Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде слайд арқылы түсінік беру. Глобуспен таныстыру. Тәжірбие: «Сиқырлы су» Мақсаты: Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		
Балалармен жеке жұмыс	**жеке жұмыс** Заттардың арасымен еңбектейді,гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі. (**Физикалық касиеттері**)	**жеке жұмыс** тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануға үйрету өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтады **Коммуникативтік дағдылары**	**жеке жұмыс** Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**жеке жұмыс** Қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге,дұрыс ұстауға үйрету. **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы**	**жеке жұмыс** заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды **Әлеумет**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға	Үйде баланың өзі киініп өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі,	Ата-анаға кеңес: Үйде	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Демалыс

	оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.		бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	баласымен қарындашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	күндеріне сәттілік тілеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Қазақстан – менің сүйікті елім!»

Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.10 - 24.10

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу.Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді Күй күмбірі	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Күй қосу Күй күмбірі	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Күй қосу Күй күмбірі	Көңілді күн әнімен қарсы алу Күй қосу Күй күмбірі	Балаларды мерекемен құттықтау, жылы тілектер айту Күй қосу Күй күмбірі
Ата-аналармен (занды өкілдерімен)әңгімелесу, кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** «Отан» -ұғым туралы түсінік беру.	**«Өнегелі 15 минут»** «Тәуелсіздік рәміздері»	**«Өнегелі 15 минут»** «Қазақ ұлттық киімі қандай әдемі»	**«Өнегелі 15 минут»** «Республика күні-мереке туралы әңгімелесу»»	**«Өнегелі 15 минут»** «Республика күні-мереке туралы әңгімелесу»

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Киізді әшекейле» Мәндерреті: қол ұсақ маторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту, қазақ ұлттық ою атауларын бекіту. **(құрастыру, қазақ тілі)**	«Бөліктерді құрастыру» ойыны Мақсаты: қиынды суреттерден ойыншықтар бейнесін құрастырады. **(Құрастыру)**	«Сәйкестендіріп жина» ойыны Мақсаты: доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинай алады. **(Математика негіздері)**	Отан,туған ел туралы тақпақтарды еске түсіру, туған ел жайлы ән айту, хор. “Адал азамат” **(тілін дамыту, музыка)**	Отан,туған ел туралы тақпақтарды еске түсіру,туған ел жайлы ән айту,хор. “Адал азамат” **(тілін дамыту, музыка)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Артикул-қ жаттығулар: «Алты бақан», «Тәтті бал», «Ат шауып келеді» (тілін дамыту)	Күз туралы жұмбақтар жасыру (көркем әдебиет)	Өлең тақпақтар қайталау. (музыка)	Бұл қай кезде болады? (қоршаған әлеммен таныстыру)	(Рәміздердің суреті) Шарты: Үлгі суретке қарап,қиылған бөліктерден суреттің бейнесін шығару. **Құрастыру**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі (таза ауада)** Міндеттері:аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру;	**Дене тәрбиесі «Тепе –теңдікті сақта»** Міндеттері: Адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру.; қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 20 сантиметр, биіктігі 30-35	**Музыка** Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)	**Дене тәрбиесі «Ғажайып сандық»** Міндеттері: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; заттарды қашықтыққа**	«Рәміздерді тап» Міндеттері: Балаларды топпен жұмыс жасауға үйрету, рәміздерді ажыратуды бекіту Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Рәміздерді ажыратып олардың сипаттамалық

	заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. **ҰІӘ барысы:** І бөлім: бірінің соң бірі жүру, аяқтың үшімен, өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; ІІ бөлім: ЖДЖ №3 (затсыз) Негізгі жаттығулар: 1.«Өрмекшілер» заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; 2. «Ұстап ал» құрсауларды бір-біріне домалату; Қ/ойын: «Орманында аюдың» Тыныс алу жаттығулары: «Жапырақты ұштыр» ІІІ бөлім:Баяу ойын: «Жіңішке жолмен өт»	сантиметр) жүру; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **ҰІӘ барысы:** І бөлім **:** Адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру. ІІ бөлім: ЖДЖ №4 Негізгі жаттығулар: 1. қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; 2.қырлы, көлбеу тақтай бойымен жүру; **Қ/ойынның орнына эстафета: «Епті, жылдам, мықты балалар»** етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен денені	Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні: ОразбаеваН.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр» Шарты: Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді. Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады; **Қазақ тілі** **ҰІӘ міндеттері:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде	**лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру**. **ҰІӘ барысы:** І бөлім: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау, сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; ІІ бөлім: ЖДЖ №5** **Негізгі жаттығулар:** 1). **оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға қапшықша лақтыру;** **2). 4–5 сызықтан аттап секіру**. Қ/ойын: «Акула мен теңіз мекендеушілер» тыныс алу	ерекшеліктерін, рәміздер туралы ұғымдарын кеңейту. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Шаттық шеңбері: Қайырлы таң, достарым, Қайырлы таң, қонақтар! Қазақстан – Отаным, Жайнай берсін астанам! Көк байрағым желбіреп, Әнұраным шырқалсын. Елтаңбамыз жарқырап, Бақытымыз асқақтас! Сұрақ арқылы талқылау. Біздің Отанымыз қалай аталады? – Қазақстан Қазақстанның астанасы қай қала? – Астана Қазақстан Республикасының Туы қандай түсті? – Көк түсті Елтаңбада қандай бейнелер бар?

	Музыка . Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні:Оразбаева Н.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр» Шарты: Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр	тарту, алға қарай еңбектеу, кейін қарай қос аяқтап секіру, эстафета солай жалғастырылады. Тыныс алу жаттығулары: «Құрсауды ұштыр» баяу ойын «Ұшты-ұшты...(жылы жаққа ұшып кететін құстарын атайды)» (қоршаған орта) **ҰІӘ міндеттері:** заттарды тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету; Балаларды геометриялық фигураларды (төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту. Төртбұрышты заттарды сала білуге үйрете	тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне т,ә,н,ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қоршаған ортадағы өсімдіктердің, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Дайын пішіндерден саңырауқұлақты қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындауды меңгерту. **ҰІӘ барысы**: Бой жаза алмай, ойнай алмай Денең мұздап тоңады. Бөбектерім	жаттығулары. III бөлім жай жүру. **ҰІӘ міндеттері:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету; тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. **ҰІӘ барысы**: Д/ойын: «Бұл қай кезде болады?» Тәрбиеші балаларға	–Шаңырақ, пырақтар, жұлдыз Әнұран айтылғанда қалай тұрамыз? – Тік тұрамыз, қолды жүрек тұсына қоямыз Біз неге Отанымызды сүюіміз керек? – Өйткені ол – біздің туған жеріміз Туды көтер» (қимылды ойын) Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, туға құрмет көрсету. Ойын шарты: Ән әуені ойналады, балалар алаңда жүреді. Музыка тоқтағанда тәрбиеші «Туды көтер!» дегенде балалар қолындағы қағаз туын жоғары көтереді.

	даусымен қосылып сілкілейді. Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады; **ҰІӘ міндеттері:** сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу; суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды үйрету. Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйретуды жалғастыру. **ҰІӘ барысы:** Базарға баруды ұсыну.	отырып, ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. **ҰІӘ барысы:** **Д/ойын: «Неге ұқсайды?» геом.пішін төртбұрышқа ұқсайтын заттарды айналадағы заттардан табу.** **Ойын-жаттығу: «Сиқырлы қоржын» балалар қарамай қоржынның ішінен төртбұрышты сапалау арқылы тауып шығарады, қанша тапқанын санайды. Екі баланың тапқан пішіндерін салыстырып кімнің жинағаны көп анықтайды. Тәрбиеші тақтаға 5 үстел, 4 отырғыш қояды**	айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? (күз) Сырылдатады шәйнегін, Ұнатпаса да жұрт, мейлі. Тереземіздің әйнегін Жуады, Бірақ сүртпейді. (Жаңбыр) Тіреумен тіреп ақырын, көтеріп тұр шатырын. Бұл не? (саңырауқұлақ) (көркем әдебиет) (көркем әдебиет) Тәрбиеші саңырауқұлақ түрлерімен таныстырады (3-4) Оны жеуге болатыны туралы және улы болатынын туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ережелерін айту. (қоршаған әлеммен таныстыру). Табиғатты бүлдірмей саңырауқұлақты тамырымен жұлуға болмайтыны туралы айту. Тіл ұстарту жаттығулары	доп лақтырып та сұрақ қояды мысалы: жаттығу қай кезде жасаймыз? (танертең), аспанға жұлдыздар шығады.... (түнде) т.с.с. Тәрбиеші орманға баруды ұсынады. Орманда талдарды, биіктігіне, жуандығына қарай салыстырады, бұлақтан өткенде көпір жасау үшін тақтайлардан жуан тақтай таңдайды. (математика). **Орманнан балабақшаға оралғасын балаларға ағаштан не жасауға болатының сұрау. (бала үні; жиһаз, ойыншық т.б.). Жиһаз құрастыруды ұсыну. (құрастыру). Құрастырған жиһазды атау. (қазақ тілі)**	

	Автобуспен кележатып тіл ұстарту жаттығулар айтқызу. «Рақ-рақ-рақ, Саулайды жапырақ», «Ел-ел-ел, Соғады жел», «Үз-үз-үз, Жаңбырлы күз» «Іс-іс-іс піседі жеміс». «Дай-дай-дай жинаймыз бидай» (сөйлеу дамыту).  Базарда жемістерді атайды, жалпылауыш сөзбен атайды. Сурет бойынша әңгіме.құрастыру. Ойын-жаттығу: «Көкөністердің қайда жатқанын айт» Бала ортада тұрады, ал алдында, жанында	**(-оқушыларға арналған парта. 5 оқушы шығарады (көжек, кірпі, тиін, тышқан, қонжық). Бір баланы шақырып оқушыларды партаға орналасуды ұсынады. Бір оқушыға орындық жетпейді. Не істеу керек? Үстел мен отырғыш тең бе? Бала бір отырғыш қосады. Қалған балалар өз алдында жатқан жолақшаларда төртбұрыштар мен отырғыштарды теңестіреді. Енді тең болды ма? (иә) (математика). Дайын төртбұрыштарды қиялын қосып бір затқа айналдырады (мысалы күшіктің үйшігіне, үйге,**	 Сурет бойынша қарапайым әңгіме құру. (қазақ тілі, сөйлемді дамыту) .Дайын пішіндерден саңырауқұлақтарды жапсыру.		

	артта түрлі көкөністер жатады. Тәрбиеші мынадай нұсқа береді: картоп қайда жатыр? Бала алдымда деп жауап береді (математика негіздері) **Көкөністер мүсіндеу.**	**кубик, үстел, отырғыш, теледидарға т.б.). (сурет салу).**			
Серуен	**№17 Гүлдерді бақылау** (георгин, астра, календула) Жұмбақ Құлпырса қадірлейді, аялайды, Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл) Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар». Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге	**№18 Түскен жапырақты бақылау** Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: жапырақтар аяқ	**№1 9Шалшық суды бақылау** Көркем сөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу Тазалықтың досы Су дегенім осы. Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу Тәжірибе Суға тастар мен	**№20 Аула сыпырушының еңбегін бақылау** Мақал - мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір . Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек н әтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау -бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Құнан шабысы » (қырғыз халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру,	**№21 Аспанның көк түсін бақылау** Бұл біздің Туымыздың түсіне ұқсайды» деп байланыстыру. Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарды көрсету «Қазақстанымыздың табиғаты бай, әдемі» деп түсіндіру. Асфальтқа бор арқылы «Қазақстанның Туы», «Күн мен қыран» суреттерін салдыру. Қағаздан кішкентай ту жасап, балаларға желбіреткізу.

	секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу). Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту.	астында сусылдайды. Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт». Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. Еңбек: түскен жапырақтарды жинау. Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау. Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем». Балалардың бірлескен ойынының	жаңғақтарды лақтыру Мақсаты: кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету . Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге ж әне үлкендерге көмектесуге үйрету . Өз бетімен ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.). Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым - қатынаста ойнауға қадағалау	бірін -бірі итермеу) үйрету . Жылдамдықпен күш жігерді дамыту . Еңбек : аула сыпырушыға көмектесу . Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: доппен ойын . Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу .	

		келісімді болуын қадағалау, бақылау.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Түлкі, түлкі, түлкішек» тақпақ жаттау (көркем әдебиет) «Әдемі қолшатыр» сурет салу + шын жапырақты қолшатырдың үстіне жапсыру. Жапсыру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін айту.	Әңгіме: «Жақсы-жаман» міндеті: бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп,өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуін дамыту). Жасыл алмұрт» Мақсаты: таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, мүсіндеуге үйрету. (мүсіндеу)	Дәмін татып қай жеміс екенін ата ойыны (Қоршаған әлеммен таныстыру) Жемістер жыры тақпағын жаттау.(Көркем әдебиет)	Пазл құрастыру(құрастыру) Сәбіздің суретін қию және жабыстыру (Жапсыру) Сәбіздің бейнесін мүсіндеу (мүсіндеу)	Менің Отаным – Қазақстан» суретті альбомдарын қарау. (қоршаған әлеммен таныстыру) «Менің Отаным» тақырыбында еркін сурет. (сурет салу)
Балалармен жеке жұмыс	Заттардың бойымен, астымен еңбектеуге баулу	Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету.	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтқызуға баулу	Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атауға үйрету	Рәміздердің атын, авторын үйрету

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауынша ертегі айту Құрастырғышпен ойындар	«Лақтарға шөп» Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету. (жапсыру) Республика күніне ән қайталап айтқызу. (музыка)	Құрастырғышпен ойындар «Жемістер» (мүсіндеу) Міндеттері: Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді үйрету.	Боямақтармен жұмыс Міндеттері: қол ұсақ моторикасын дамыту (сурет салу) Балалардың қалауынша ертегі айту Міндеттері: кейіпкерлердің мінез-құлықтарына сипаттама беру, жақсы -жаманды айыра білуге баулу.	Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып жапсырып сәндету. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Қазақстан – менің сүйікті елім!»

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.10- 31.10. 2025 жыл

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Дене тәрбиесі			
Балалардың үйге қайтуы	«Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	«Балаңызды балабақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек?» әңгіме.	Бала тілінің дамуы жайлы әңгімелесу.	Бала демалыс күні немен айналысатыны туралы пікірлесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Әділдік және жауапкершілік**

Аптаның дәйек сөздері: «Шыншыл болу – әділ болу»

Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.11 - 28.11.2025 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«**Менің Қазақстаным**» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы **Күй күмбірі** Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Адал азамат**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру **Адал азамат**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Адал азамат**	**Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру **Адал азамат**	**Күй күмбірі** Балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту **Адал азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.	Ата-аналармен әңгіме: Демалыс күндердегі баланың Күн тәртібінің үлгісі жайлы әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	**Адал азамат жоспарынан:** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар ойнату **Апта дәйек сөзі:** «Әділдік пен жауапкершілік-біртұтас ұғым!»	«Ұқсас суретті тап» Шарты: Балалардың алдына кәртішке таратылады, сол кәртішкеде бейнеленген ұсқсас суретті табу, әңгімелеу. **Тіл дамыту**	«Сипап сезу арқылы санау» Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын	«Айырмашылы ғын тап» Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.	**«Көп және біреу»** Шарты: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп**,** екі жаққа қояды. **Математика негіздері**

	Қазақ тілі		бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. **Математика негіздері**	**Қоршаған әлеммен таныстыру,Тіл дамыту**	
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған Ертеңгілік жаттығулар кешені **№ 6** (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **Құрастыру**	Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру **(математика негіздері)**	Жаңылтпаш айту. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. **Көркем әдебиет**	Сұрақ – жауап" ойыны. Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру. **Тіл дамыту**	Тіл ұстарту жаттығуын бірге қайталау. Рақ-рақ-рақ Саулайды жапырақ. .Ел-ел-ел Соғады жел. Үз-үз-үз Жаңбырлы күз. **(қазақ тілі)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі (таза ауада) «Достармен бірге ойнаймыз» Міндеттері:** Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. **Жалпы дамытушы** жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір	**Дене тәрбиесі Міндеттері: Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Спорттық ойын элементтері:** Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, жүгіру, доппен түзету жаттығуларын жасау: допты қолына ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүргенде – допты басынан жоғары көтеріп ұстайды, өкшемен жүргенде – допты алдында ұстайды. Екі тізбекке тұрады.	**Музыка –** Балалардың әнге, биге деген қызығушылығын арттыру. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Би қимылдарын көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру Музыка тыңдау: «Балабақшам» С.Шынымов Ән айту: «Туған өлкем» Сөзі: Р.Гайсин Әні:М.Қадырмұрат Аспапта ойнау: «Көңілді оркестр» Әуенді ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» Ойын: «Көңілді тамшылар»	**Дене тәрбиесі Міндеттері: Негізгі қимылдар:** Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру). Бір аяқпен жердің бетінен күшпен итерілу. «жыланша» жүріске және жүгіруге жаттықтыру, заттарды оң жақтан және сол жақтан айналып өту қабілетін	**«ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»** Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету. Міндеттері: ▪ Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзі ұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру. ▪ Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. ▪ Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету. Материалдар мен ресурстар: ойын-сауық орындары мен көліктің иллюстрациялары немесе суреттері. Ұйымдастырылған іс-

	уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру. II. Негізгі кезең. Тізбекте бір-бірден тез	**Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** Жаттығулардың дұрыс орындалуына, арақашықтықтың сақталуына, бастапқы қалыпқа тұру, допты жерге түсіріп алмау қабілеттерін бақылайды. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту. Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктеп, тізбектің соңына барып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: Қим.ойын:** «Қояндар мен қасқыр» **Ойын шарты:** Балалардың жартсы қояндар,ал бір бала қасқыр болады. Алаңның бір бөлігіне қояндар өз үйлерін белгілейді. Келесі бөлігінде қасқыр өз апанында тығылып жатады. **Ұлттық ойын:** «Асық ату» Аумағы екі-үш қадамнан тұратын дөңгелек көн сызылады. Ортасына әр ойыншы келісім бойынша екі-үштен (не одан да көп) асық тігеді. Сақасын иіру арқылы кезегін алған ойыншылар он-он бес қадамдай қашықтан тігілген асықтарды сақамен ата бастайды. Ойыншы сызықтың сыртына шыққан асықты ғана алады да, әрі қарай сақасының жатқан жерінен (егер сақа сызықтың ішінде жатса, онда сызықтың сыртына ғана атуға болады) қайтадан ата бастайды. Егер ойыншы бірде-бір асықты дөңгелек көннің сыртына шығара алмаса, ойыннан шығады. Ойыншылардың бәрінің кезегі біткенде, асықтарды қайта тігіп, ойын жалғаса береді. **Адал азамат**	Шарты: Күн күркіреп, көңілді әуен қосылғанда тамшы кейіпіндегі балалар ортаға шығып секіріп-секіріп билейді.Жетекші күннің суретін көрсеткенде, тамшылар шетте тұрған бұлт ішіне барып жинала қалады.Ойын бірнеше рет қайталанады. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды.Әнді топпен бірге бастап,бірге аяқтайды.Әнді мәнерлеп, үйлесімді айтады **Тақырыбы:** «Ыдыстар» **Міндеттері:** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеу де тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	жетілдіру. Қимылдарды саппен орындау қабілетін қалыптастыру. Қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, ырғақпен секіруге жаттықтыру (аяқтары бірге, аяқтарының арасын ашып). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жаттығуларды орындау. 1. «Таңғаламыз» 2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз. 3. «Мұрынның бір жағымен дем алу» Демді мұрынның бір жағымен ақырын, ұзақ уақыт шығарып, өкпені ауадан босатамыз және диафрагманы мүмкіндігінше жоғары көтереміз. 4. «Демді ұстау» 5. «Түтікше тәрізді ерін» 6. «Шамды үрлеу» Жаттығуды орындаған кезде денені тік ұстау қажеттігін еске салу. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: 1.Екі аяқпен секіру – аяқтарды қосып, аяқтың арасын ашып, қолды бастан асырып шапалақтау – ырғақпен секіру, аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аяқтардың арасын ашқанда – қолды қапталға созамыз, аяқты қосқанда – шапалақтаймыз). 2.Жүру; заттар қатарын айналып жүгіру, заттардың арасымен «жыланша» жүру. **Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап!»** Алаңның әр жеріне педагог әр түсті бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельдерді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельдерді айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта	әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердегі ережелерді білу және сақтау неге маңызды екендігі туралы қысқаша әңгіме. Балалардан қандай қоғамдық орындарды білетінін және қандай көлікті пайдаланатынын сұраңыз. Тәрбиеленушілерді қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерімен таныстыру: Саябақтар мен ойын алаңдарында: Ешқашан ата-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз. Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. Сынған әткеншектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз. Кинотеатрлармен сауда орталықтарында: Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз. Егер сізді біреу шақырса, дереу үлкендерге айтыңыз. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері: Автобустар,трамвайларжәне метрода: Көлік жүргізу кезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеден еңкеймеңіз. Салонда жүгірмеңіз. Тек ересек адаммен бірге кіріп-шығыңыз. Сюжетті-рольдік ойындар: Жағдаяттарды сомдаңыз: саябақта адасу, автобуста жүру және т.б.Әрбір жағдайға сәйкес ережені талқылаңыз. Негізгі ережелерді қайталаңыз және

	адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бірбірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен) Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады **(қол моторикасын дамыту).** **«Кім тезірек келеді»** Шарты: Екі қатарға бөлініп,жарысып ойнайды,қай топ бірінші келсе,сол топ жеңімпаз болады. **«Орныңды тап!»**	**Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Отбасым»** **Міндеті:** Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. **Сөздік қор** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-- әрекет**. Балалар, қараңдаршы, мен бүгін сендерге қандай сурет әкелдім. (суретті стендке іледі) - Бұл суретті қалай атайсыңдар? Неліктен? - Ал сендер жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме? -Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табыңдар. 1.Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. **Тіл дамыту** Бұл кім? Балалар:Әже - Оны қалай білдіңдер? - Ал сендердің әжелерің қандай ? 2.Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады. - Кім бұл? Балалар: Ата - Ал сендердің аталарың қандай? 3.Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам.Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам -Бұл жұмбақ кім туралы? Балалар: Анашым Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар? -Аналарың сендерді қалай еркелетеді? - Және соңғы жұмбақ..	**Сөздікқор** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Көңілді доп» Міндеті: Ыдыстардың атын атай білуге үйрету,жылдамдылыққа баулу. Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Жалпы асхана құралдарына не жатады? - Қазан, таба, тарелке, шәйнек, қасық, шаңышқы т. б..Ыдыс - аяқтың түрлері өте көп. 1. Тамақ жасауға арналған ыдыстар. 2. Тамақтануға арналған ыдыстар. 3. Тамақты	жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю,аю тұршы»** Міндеті: Ойынды музыка әуенімен ойнау арқылы балалардың қимылдарды дұрыс орындауын қадағалау. Үй жануарлары туралы бастапқы түсінік қалыптастыру, үй жануарларымен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Мекенін тап» Міндеті: үй және жабайы жануарлар,құстар мен жәндіктердің қайда мекендейтіні туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен танысу** Балалар үй жануарлары қайда мекендейді? Үйде. - Үй қандай бөліктерден тұрады? - Шатыр, есік, терезе, үйдің қабырғасынан тұрады? - Үй бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? - Төбесі үшбұрышқа, есігі, терезесі және қабырғалары тік төртбұрышқа ұқсайды екен. Қазір сендермен үй түстеріне қарай үй құрастырамыз. **Математика негіздері,құрастыру** Енді осы үйдің әр бөлігінде жұмбақ бар екен. Адамға серік Күзетке берік (Ит) Кішкене ғана бойы бар Айналдыра киген тоны бар. (Қой)	балаларға бекіту сұрақтарын қойыңыз. **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** **Тақырыбы: «Ауа не үшін қажет?»** **Міндеттері:** Балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. Маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу. **Заттық әлем:** Қоршаған орта заттары,олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, ауа туралы білгілерің келе ме? Біз немен тыныс аламыз? – Ауа қай жерде жүр қолмен ұстап көрейікші? – Кәне, кім ауаны ұстап алды?

	Шарты: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу. **Тапсырмалары бар қораптарды көрсету.** Ғажайып қоржын ойын ойнату. Әр бала қоржыннан бір затты ұстайды, қоржыннан шығармай заттың пішінін, неден жасалғанын неге ұқсайтынын сипаттайды. Балалар сипаттауына қарай затты атап табуын үйрету. **(математика негіздері)** Қоржыннан алған заттарын мүсіндеп, суретін салдырту (мүсіндеу, сурет салу) **Музыка –** Балалардың әнге, биге деген қызығушылығын арттыру. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Би қимылдарын көңілді, ынталы	Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады. -Бұл кім? Балалар: Әке Д/о:Менің отбасым Балалар шеңберге тұрады балаларға отбасы туралы жағымды сөздерді тәрбиешгі доп арқылы айтады **Сергіту сәті.** Әңгімелесу. 1. Отбасында неше адам? **Математика негіздері** (оларды ата). 2. Олардың әрқайсысы туралы айтыңдар (қайда жұмыс істейді, оқиды, бос уақытында немен айналысады). 3. Сенің отбасың барлығы жиналғанда не істегенді ұнатады? 4. Сен өз отбасыңды неге және не үшін жақсы көресің? Д/О:Біз нешеуміз Сахналау 2 отбасы (Жақсы, жаман) Анасы баласын бақшадан әкеткесін өзі киіндіріп, уйіне барғанша баласы секіріп , жүгіріп барады. Үйге келгесін қызына шешін деп, өзі шешініп, ас тағайындауға кетеді. Ал ерке қызы болса өзінің аяқ киімін алап лақтырып, шашып отырады. Анасы келгесін көріп, қызына аяқ киімін жинауын сұрайды.Қызы болса мен жинамаймын деп, қана қоймай, ойын ойнауға кетеді. Әкесі баласын бақшадан әкеткесін, баласы өзі киініп, әкесімен үйге барады. Жол бойы бақшада істегенін айтып, әңгімелесіп барады. Үйге келгесін, әкесі баласына киімін шешініп, дұрыстап қойюн өтінеді. Ал, өзі болса үйге кіріп кетеді. Әкесі келгесін қараса, баласы барлығын жиыстырып қойыпты Балалар әңгімені тыңдап жақсы- ма жаман қылық па екенін айтады Мақал-Мәтел Үлкенге құрмет Кішіге ізет	сақтауға арналған ыдыстар болып бөлінеді.- Қалай ойлайсыңдар тамақ жасауға арналған қандай ыдыстарды білесіңдер? Қазан, кастрөл, таба. Қандай тамақты қазанға жасауға болады? Ал табаға ше? Т Кастрөлге ше? Ал тамақтануға қандай ыдыстар жатады? Тәрелке, кесе, қасық, шаңышқы, табақ т. б. **Жұмбақтар жасыру** Беті дуылдап тұр, Танауы шуылдап тұр. (Шәйнек) Аяғы жоқ, басы бар, Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа, Аузыңа тез асығар. (Қасық) Тіл ұстарту жаттығуы: Ыс-ыс-ыс Болсын мол ы-рыс, Болып қапты қыс. Аман болсын ту-ыс, Ыдыстарды жу-ыс. («Ы» дыбысының дауысты дыбыс екендігін айту.) **(Тіл дамыту, қазақ тілі)** Балалар үстелдің	Ит,қой жылқы,сиыр бәрін бір ауыз сөзбен үй жануарлары дейміз **Тіл дамыту** «Не қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: Теледидардан дыбыстарын тыңдату арқылы ненің қалай дыбыстайтынын табу. Дидактикалық ойын: «Кім солай сөйлейді?» Шарты: Ойынға барлық бала қатысады.Балалар шеңберге тұрады,ортасында доппен тәрбиеші тұрады. Балаларға доп лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып алып, сол жануардың дауысын салады немесе допты лақтырып: «Ит қалай үреді көрсетші» Міндеті: Жан - жануарлардың дыбысын үйрету. Жануарлар туралы қандай тиым сөздерді білесіңдер? А) Малды теппе, Ақты төкпе. Ә) Малды басынан ұрма. Б) Малды теріс мінбе **Көркем әдебиет** **Ұлттық ойын :«Түйілген орамал»** Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап	– Балалар, ауа бізге көрінбейді және ауаның иісі жоқ екен. Алайда ауа көрінбесе де, онсыз біз тіршілік ете алмаймыз. Ауасыз өсімдіктер де, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Ауаның бар екендігін қалай білуге болады. – Су туралы сендер не білесіңдер? Сендер жаңбыр туралы не білесіңдер? Жаңбыр қайдан, қалай жауады екен? (Аспаннан). Жаңбырдың табиғат құбылысы екенін түсіндіру,теледидардан табиғат құбылыстарының бейнесін көрсету **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Жаңбырдың астында тұруға бола ма? Жаңбырлы күні қалай киінеміз? **(тіл дамыту)** Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету,парақ бетінде бейнелеу. **(сурет салу)** Қағаз бетіне орналасқан бұлттың бейнесіне ермексаз (көк) жағу, жаңбырды мүсінін ермексаздан мүсіндеу және үй құрастыру. **(мүсіндеу, құрастыру)** Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр. Жауған жаңбыр – жауған нұр,

	жеткізе білуге дағдыландыру Музыка тыңдау: «Балабақшам» С.Шынымов Ән айту: «Туған өлкем» Сөзі: Р.Гайсин Әні:М.Қадырмұрат Аспапта ойнау: «Көңілді оркестр» Әуенді ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» Ойын: «Көңілді тамшылар» Шарты: Күн күркіреп, көңілді әуен қосылғанда тамшы кейпіндегі балалар ортаға шығып секіріп-секіріп билейді.Жетекші күннің суретін көрсеткенде, тамшылар шетте тұрған бұлт ішіне барып жинала қалады.Ойын бірнеше рет қайталанады. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды.Әнді топпен бірге бастап,бірге аяқтайды.Әнді		үстінде әр түрлі ыдыстар тұр. Мынау не? Кесенің түс іқандай? Мынау не? Шәйнектің түсі қандай? Мынау не? Табақтың түсі қандай? Неше кесе,неше қасық көріп тұрсыңдар? Кесе көп пе,қасық көп пе? **(математика негіздері)** Ыдыстарды ұқыпты ұстау керек,өйткені ол тез сынады. Сынған ыдыстың ұшы өте үшкір болады. Қолдарыңды жаралап алуларың мүмкін. Сондықтан, балалар, ыдыстарды сындырып алмау үшін,үстел үстінен алған кезде екі қолмен абайлап алу керек. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Тәрелкені ермексаздан жасау және суретін саусақ арқылы бастыру. Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды	болған соң балалар шеңбер жасап тұралы. **Адал азамат**	Жердің шаңы басылсын, Гүлдің аузы ашылсын. Еккен егін көктесін Бізге нанды көп берсін Жау, жау! Гүлденсін бау! **(көркем әдебиет)** Ауа-райы туралы болжамдар. -Күзде тышқан биікке шығып шиқылдаса, ұзамай қар жауады. -Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады. **(қазақ тілі)** Қимылдық ойын «Күн мен түн» Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. керек. **(Дене тәрбиесі)**

	мәнерлеп, үйлесімді айтады		көрсету және жасату. **(мүсіндеу,сурет салу)**		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту				
Серуен	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе:** Желге қарсы жүгіру. Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Міндеті:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер құрап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Күн шуағы мен жаңбыр»** **Міндеті:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Міндеті:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 5** **Аспанды бақылау** **Міндеті:** Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғттардың арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұшақтар»** **Міндеті:** Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі, көңіл күйде болуға баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **«Жас эколог» экологиялық жоба** «Күзгі саябаққа саяхат» Міндеті: Балаларды табиғатпен таныстыру барысында заттармен құбылыстардың өзіне тән,сипаттамалық белгілерін бақылау,талдау,салыстыру,балалардың күз туралы түсінігін кеңейту. **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.	**№27** **Жапырақтардың толық түсуін бақылау** Міндеттері: Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Коммуникативтік дағды Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны» (орыс ұлттық ойыны) Міндеттері: Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. Физикалық қасиеттерін жетілдіру Еңбек: Ауладағы жұмыс. Міндеттері: Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету. Танымдық іс – әрекет дағдылары

	Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал азамат**		гүлдердің тұқымын жинастыру **Міндеті:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын: «Тауық күрес немесе итеріспек»** Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да - тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Ойнаушылар жиналып болғаннан кейін, үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен, қарсыласын шеңберден итеріп шығарса - жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса - жеңілгені. Бұл	**Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Ұлттық ойын:**«Сақина жасыру» Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді **Адал азамат**

			күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Ойын жалғаса береді. **Адал азамат**		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату.	Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып жапсырып сәндету. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**	**В/К : Тақырыбы:«Жер ананы жасыл етіп сақтайық»** Табиғаттың тұтастығы туралы ұғымдарын кеңейту. Жер әлеміне танымдық қызығушылығын арттыру. Табиғатқа қиянат жасамауға баулу, аяушылық сезімін тәрбиелеу.	Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санату **(математика негіздері)**	Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту **(құрастыру) Экологиялық тәрбие**
Балалармен жеке жұмыс	**жеке жұмыс** Бетін қолын өз бетінше жуады. (**Физикалық касиеттері**)	**жеке жұмыс** Педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады: **Коммуникативтік дағдылары**	**жеке жұмыс** Ұзындығы,биіктігі ені, жалпы шамасы бойынша заттардың кейбіреулерін салыстырады. (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**жеке жұмыс** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы**	**жеке жұмыс** сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **Әлеумет**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	**№3**	**№2**	**№5**	**№1**	**№27**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын бекіту бойынша ертегі кейіпкерлеріне	Ұлттық бұрышта танысқан оюларын қиып жапсыруды ұйымдастыру. **(жапсыру)**	Өздеріне ұнайтын ертегілерді сахналату. (**көркем әдебиет)**	Ғажайып қоржын бейнесіне оюларды қиып жапсырту. **(жапсыру)**	Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	арнап үйлерді құрастыру, бейнесін жасату, суретін салдырту. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)**				қиып жапсырып сәндету. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарындашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Е.Ж.Тілеп

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Дос көп болса – күш көп»

Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 1.12. – 5.12.2025 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу. Күй қосу,**күй күмбірі Адал азамат**	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі Адал азамат**	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі. Адал азамат**	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу Күй қосу,**күй күмбірі. Адал азамат**	Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі. Адал азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі.табиғат бұры шында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған әлеммен таныстыру,экологиялық мәдениет**	«Шар және цилиндр».Геометриялық денелерді танып, атап үйренеді. « Қандай пішін жетіспейді?» **Математика негіздері**	Әңгіме: « Менің тобым» Д/о: «Жаман-жақсы» сөздерді салыс тыру арқыллы әңгіме құра алады. **Коммуникативтік дағды**	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады.**Қоршаған әлеммен таныстыру, экологиялық тәрбие**	Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы ұтысқа ие болады.**Бір тұтас тәрбие Адал азамат**

Ертеңгілік жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 1 №1 /құралсыз/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру. Қол бүйірде өкшемен жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту.«з-з-з» /5 рет / Б. қ.: «Айдahардың құйрығы» 2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /6 р/ Б.қ. : «Қайшы» 3. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет / Б. қ.: «Қоян қашты» 4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. Тыныс алу жаттығулары: Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу Қорытынды: бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 8 /құралсыз, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру екі жаққа бұрылып жүру. Шеңбер бойымен жай жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Буратино» ойыны 1. Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Су тасу» 2. Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Үлкен- кіші» 3. Аяқты алшақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Доп тебу» 4. Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру.	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 6/құралсыз, сылдырмақпен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру. Табанмен қалыпты, жұмсақ жүру. Шеңбер бойы тұру,арақашықтықты сақтау Негізгі бөлім: Б.қ.: «Құстар ұшты» 1. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чип- чирик» деп айту. Б.қ.: «Мотор» 2. Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. /6-рет/ Б. қ.: «көңілді пингвин» 4. Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15секунд/	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 8 /құралсыз, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру екі жаққа бұрылып жүру. Шеңбер бойымен жай жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Буратино» ойыны 1. Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Су тасу» 2. Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Үлкен- кіші» 3. Аяқты алшақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Доп тебу» 4. Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру.	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 1 №1 /құралсыз/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру. Қол бүйірде өкшемен жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту.«з-з-з» /5 рет / Б. қ.: «Айдahардың құйрығы» 2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /6 р/ Б.қ. : «Қайшы» 3. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет / Б. қ.: «Қоян қашты» 4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. Тыныс алу жаттығулары: Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу Қорытынды: бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.

			Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыншақ» - тізені жоғары көтере жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.	Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Қоянға қонаққа барайық** **Міндеттері:** Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі	**Дене тәрбиесі** **Біз саяхаттап жүрміз** Міндеттері: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.	**Қазақ тілі** **«Құстар біздің досымыз»** Міндеттері: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды	**Қазақ тілі** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Тақырыбы: «Отаным отбасынан басталады» Міндеттері: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Отбасы туралы түсініктерін кеңейту.	Тақырыбы: «Үй жануарлары» Міндеттері: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдана білуге үйрету.

	арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Негізгі қимылдарды орындау.** Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **Ойын:** «Аю мен қояндар» «Қонақтарды күтеміз» Міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.Заттар	Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Негізгі қимылдар: Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Қимыл-қозғалыс ойыны: Қим.ойын: «Қояндар мен қасқыр» Ойын шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Жайлымға шыққан қояндарды қасқыр қуады. Қазақ тілі Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі Міндеттері: Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту баулу. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан	суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді атай білуге үйрету. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері атай білу керек. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Ойын: «Сөйлемді аяқта» Шарты: мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер аяқтайсыңыздар. - Құстар ұша алады, өйткені ... - Оның қанаты бар. - Құстар қоректенеді ... - Құрт, құмырсқа, жәндіктер, дәндермен. - Көктемде қайтқан құстар ... - Тырна, ұзақ, аққу, қарлығаш. - Аяздан қорықпайды ... - Қарға, торғай, сауысқан.	Отбасындағы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсінік қалыптастыру; Отбасындағы өзара сыйластық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге баулу. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жұмбақ жасыру: Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын Оңға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан. Бәрі-де өз жұртын Айтады, қане кім атын? (ана, апа, аға, іні, ата) -Суретте нені көрдіңдер? (сурет бойынша әңгіме) -Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Өз отбасыларыңды неге жақсы көресіңдер? Дыбыстық жаттығулар: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға (қазақ тілі) Тақпақтар қайталап айту. Әжеме Әжем менің дара ай Әжем менің анамдай Әжем	Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауды есте сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Үй жануарлар туралы әңгімелесу. Жұмбақ жасыра отырып жануарларды шығарып, тақтаға іледі: Екі найзасы бар, Екі айнасы бар, Төрт шылдырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар. (Сиырдың суретін іледі) -Сиыр адамға не береді? -Жылқы адамға не береді? -Үй жануарларының төлдерін қалай атаймыз? ойын: «Енесін тап» Тақтаға үй жануарларының суреті ілінеді. Қасына төлдерін тауып қоюды ұсынады. (қоршаған ортамен таныстыру) Төлдер туралы тақпақ айтуды Жылқы төлі-құлыншақ, Тұяғы жерге ұрыншақ. Сиыр төлі-бұзау, Сүйкімді әрі асау. Қой төлі-лақ, Тыныш тұрмайды бірақ. (сөйлейді дамыту) Жұмбақ жасырады: Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. Ол не? Балалар түйенің суретіне қарап суреттер салады. (сурет салу)

Себебі өз сабақ кестесіне қоятын балабақшаларға сағат саны жетпей қалады
Сіз менің кестеммен жүрсеңіз мереке күнгі сабақ кестесін алып тастайсыз

Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы. Отан,
ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.03.2026 ж	Сейсенбі 03.03.2026 ж	Сәрсенбі 04.03.2026 ж	Бейсенбі 05.03.2026ж	Жұма 06.03.2026 ж

Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	«Ақшаны дұрыс жұмса» **Шарты:** Балаларға ойыншық	«Менің құқығым» **Шарты:** Балалар суреттер арқылы өз құқықтарын атайды (ойнауға, білім алуға,	«Шындық па, өтірік пе?» **Шарты:** Тәрбиеші жағдаяттар айтады. Балалар адал әрекетті таңдайды	«Мамандықты тап» **Шарты:** Құралдар көрсетіледі (балға, дәрі қобдишасы, қылқалам). Балалар қай мамандыққа	«Мен болашақта...» **Шарты:** Балалар қалаған мамандығын таңдап, рөлдік ойын арқылы

және басқалары	ақша беріледі. Олар «дүкеннен» тек қажетті заттарды таңдайды (нан, сүт), артық зат алмауға үйренеді. **Қаржылық сауаттылық**	демалуға құқығы бар). Тәрбиеші жағдаят айтып, дұрыс шешім табуды ұсынады. **Құқықтық сауаттылық**	(мысалы, жоғалған затты иесіне беру) **Адалдық әліппесі**.	тиесілі екенін айтады **Ерте кәсіптік бағдар беру** .	көрсетеді (дәрігер, мұғалім, құрылысшы). **Ерте кәсіптік бағдар беру**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Доппен қимылды ойын Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйрету. Доппен жаттығу арқылы қол бұлшықеттерін дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Педагог балалардың	**Қазақ тілі** «Ана» тақырыбы **Тілдік дамытушы орта** **Ойын: «Анама әсерлі сөз»** Балалар анасына арналған сөйлемді әртүрлі интонациямен айтады (жылы, қуанышты, мақтанышпен). Мысалы: «Анашым, сіз ең мейірімдісіз!» Мақсаты дауыс ырғағын өзгертіп, тыңдаушы назарын аудару. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** **Ойын: «Дыбысты анық айт»**	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Құрсаумен жаттығу Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Құрсаумен жаттығу арқылы икемділік пен тепе-теңдікті дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру. Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы.	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырада орындалған қысқа күй тыңдатылады (2 минут). Соңына дейін тыңдау талап етіледі. Тыңдау кезінде күйдің сипатын қимылмен көрсету ұсынылады: ойнақы болса жеңіл қадам, баяу болса жай тербелу. Тыңдау соңында: Күй көңілді ме, ойнақы ма? Қай кезде жылдамдады? Музыканы есте сақтау үшін күйдің басы қайта ойналады. Ойын: «Көңілді ме, баяу ма?» Екі карточка: (көңілді) / (баяу).	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Секіргішпен ойын Мақсаты: Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Секіргіш арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту. І. Кіріспе бөлім Жай жүріс, жүгіру, тыныс алу. ІІ. Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. ІІІ. Негізгі қимыл Шеңберге тұру.

	сыртқы келбетін тексереді (аяқ киім, киім ыңғайлылығы). Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. I. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу (6–8 рет). Қол білектерін айналдыру.	Сөздер: өмір, үміт, ұл, ілтипат, ғажап, қамқор. Балалар дыбыстарды (ө, ү, ұ, і, ғ, қ) жеке айтып, кейін сөйлем ішінде қолданады. Тыныс алу жаттығуы жасалады. **Сөздік қор** **Ойын: «Өлеңді мәнерле»** Ана туралы шағын өлеңді кідіріс жасап, логикалық екпін қойып айту. Грамматикалық құрылым **Ойын: «Жай және жайылма»** Жай сөйлем: «Анам қамқор.» Жайылма сөйлем:	II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. Қолды екі жаққа созып айналдыру. 3. Қол белде оңға, солға бұрылу. 4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге қайта тұру. Ара қашықтық сақтау.	Музыка аяқталған соң балалар карточка көтереді. **Ән айту** Таныс ән сүйемелдеумен айтылады. Кейін әннің 1–2 жолын сүйемелдеусіз айтуға талпыныс. Мәнерлеп айту: тынысты дұрыс алып, жол соңын созу, дауыс күшін сақтап айту. Ойын: «Созып айт» Ән жолының соңғы буынын бәрі бірге созып айтады (ұзақ/қысқа салыстыру). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әнді сахналау: кейіпкерлер таңдалады (құс, бала,	Орнында айналу. Оңға, солға бұрылу. IV. Қимылды ойын: «Секіргішпен секіру» Балалар жеке-жеке секіреді. Белгіге дейін секіріп барып, кері қайтады. Ережесі: арақашықтық сақтау. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен жеңіл секіру. VI. Қорытынды Тыныс алу жаттығулары.

	Қолды кеудеге қою оңға, солға бұрылу. Қол белде оңға, солға еңкею. Тізені бүгіп, кезек аяқ көтеру. Педагог дұрыс орындалуын бақылайды. II. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Шеңберге тұру. Оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. Қауіпсіздік ережесі түсіндіріледі.	«Менің анам өте қамқор және мейірімді.» **Байланыстырып сөйлеу** **Ойын: «Неге жақсы көремін?»** Неге анаңды жақсы көресің? Не үшін анаң саған қамқор болады? Балалар себеп-салдармен жауап береді. **Музыка** **Музыка тыңдау** Домбыраның суреті/нақты үлгісі көрсетіледі. Үні қалай шығатынына назар аудартылады. Домбырада орындалған жеңіл	IV. Қимылды ойын: «Құрсаудан өт» Икемділік пен ептілікті дамыту. **Ойын шарты:** Құрсаулар тізбектеліп қойылады. Балалар кезекпен құрсаудың ішінен секіріп немесе еңкейіп өтеді. **Ережесі:** Құрсауды құлатпау Кезекті сақтау Жүгірмеу V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен марш жасау, қолды жоғары-төмен қозғау. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары.	ана, т.б.). Қимылмен мазмұнын көрсету. Ойын: «Кейіпкер бол» Ән басталғанда әр бала өз кейіпкерін қимылмен көрсетеді, әннің бөлімі ауысқанда эпизод ауысады. **Балалардың аспаптарында ойнау** Домбыраның сүйемел ырғағы тыңдатылады. Балалар соқпалы аспаппен (дабыл/таяқша) ырғақты бірге береді. Металлофонда бір пластинада бірқалыпты соғу қайталанады. Ойын: «Орында да тоқта» Музыка жүргенде соғады, музыка тоқтаса қолды тізеге	

	V. Қимылды ойын: «Допты бер де отыр»Зейінділік пен ұжымдық әрекетті қалыптастыру.	халық әні тыңдатылады (2–3 минут). Балалар шығарманы соңына дейін тыңдайды. Тыңдау кезінде иллюстрация көрсетіледі (ән мазмұнына сай: табиғат, ауыл, мереке). Музыка аяқталған соң: Музыка көңілді ме, әлде баяу ма? Қандай аспаптың үні естілді? Музыкада қай жері күштірек, қай жері жайырақ болды? Музыканы есте сақтауға көмектесу үшін әннің қысқа бөлігі қайта	Қауіпсіздік ережесін еске салу.	қояды. **Билер** Қазақ биіндегі қол қимылдары: алақанды сыртқа қаратып ашу, қолды жоғары көтеріп түсіру, жеңіл иілу. Ойын: «Қол өрнегі» Музыкаға сай «қол өрнегін» қайталау: 1) ашу 2) көтеру 3) түсіру 4) иілу.	

	Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Педагог допты береді. Белгі бойынша балалар допты бір-біріне береді. Допты алған бала отырады. Доп толық айналып шыққанша жалғасады. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут) Музыка ырғағымен: Қол шапалақтау Аяқпен ырғақ	тыңдатылады. Ойын: «Аспапты тап» Домбыра мен фортепиано суреті беріледі. Бір дыбыс қайта ойналады. Балалар қай аспап екенін табады. **Ән айту** Ән (ре–си I октава шегінде) алдымен толық орындалады. Балалар тыңдайды. Екінші рет сүйемелдеумен бірге айтуға шақырылады. Мәнерлеп айтуға баулу: сөзді анық айту дауыс күшін бірқалыпты ұстау соңғы буынды			

	жасау Жеңіл айналу VI. Қорытынды бөлім (3 минут) Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.	созып айту әнді қимылмен үйлестіру (қолды кеудеге қою, қолды әсем көтеру, бас изеу) Ойын: «Қайырманы бірге айт» Әннің қайталанатын сөздері шыққанда бәрі бірге қосылады, соңын созып аяқтайды. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Қазақ биінің қарапайым элементтері: оңға/солға қадам қолды әсем ашу жеңіл бұрылу иықты нәзік қозғау Музыка			

		ырғағымен 2–3 рет қайталанады. Ойын: «Қимылды қайтала» Бір бала қимылды көрсетеді, қалғандары музыкамен бірге қайталайды. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Балалар домбырасы таныстырылады: шегін қолмен ақырын қағып көру (кезекпен, қауіпсіз). Металлофон (бір пластина) арқылы бірқалыпты соғу көрсетіледі. Балалар қайталайды. Ойын: «Ырғақты			

		тында қайтала» 2 жай соққы балалар қайталайды; 3 жылдам соққы балалар қайталайды. **Билер** Шеңбер бойымен ән айтып жүру. Музыка тоқтаса тоқтау. Музыка жылдамдаса қадамды жылдамдату. Ойын: «Шапшаң шеңбер» Белгі бойынша бағытты ауыстыру (оңға/солға). Ептілік пен шапшаңдық дамиды.			

	Апталық дәйек сөз: *«Анаға құрмет адамдықтың белгісі»* «Ана қонақжай үйдің берекесі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айтуға назар аудару. «Қонақ келді», «қонақты қарсы алды», «төрге отырғызды» тіркестерін дұрыс	«Ана дастарханы береке көзі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалардың сөздерді анық, дұрыс айтуына назар аудару. «Дастархан», «ас», «тағам», «бата», «ас қайыру» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қазақ халқының дастархан мәдениеті туралы әңгімелеу: асты оң қолмен ұсыну, үлкендерге бірінші ас беру, ас ішкен соң алғыс айту. Зат есім мен сын есімді	«Анаға құрмет үлкенге ізет» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалармен үлкендерді сыйлау, анаға құрмет көрсету туралы әңгіме жүргізу. «Қамқор ана», «еңбекқор ана», «мейірімді ана» сөз тіркестерін анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуына, дыбыстарды жұтпай айтуға көңіл бөлу. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып сөйлем құрастыру. Байланыстырып сөйлеу «Анаға қалай	«Ана табиғат жанашыры» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгімелеу. «Суарады», «қопсытады», «гүл өсіреді» сөз тіркестерін анық айту. Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын сақтауға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу Өсімдіктің өсуі үшін не қажет екенін ретімен айтып беру (жер, су, жарық, жылу). Балалар өз ойларын бір-бірімен байланыстырып жеткізеді.	«Анаға сыйлық» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалардың анаға деген сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. «Анама рахмет», «Мен анамды жақсы көремін», «Анам мені күтеді» сияқты сөйлемдерді анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға, дыбыстарды жұтпай, қалыпты қарқынмен сөйлеуге назар аудару. Зат есім мен сын есімді байланыстырып

	дикциямен айту. Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы әңгімелеу: қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас ұсыну. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *мейірімді ана, кең дастархан*. Байланыстырып сөйлеу «Үйге қонақ келді» сюжетті жағдайы бойынша	байланыстырып айту: *ақ дастархан, дәмді ас, мол тағам*. Байланыстырып сөйлеу «Ас ішіп болған соң» ұсынылған сюжетті жағдайы бойынша бата беру, ас қайыру көрінісін сахналау. Балалар рөлдерге бөлініп, өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. **Көркем әдебиет** Бата сөздерін тыңдау, мазмұнын талқылау. Санамақ айту, ыдыс-аяққа қатысты жұмбақтар шешу.	көмектесемін?» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. Балалар бір-біріне **неге? не үшін?** деген сұрақтар қояды, жауап береді. **Көркем әдебиет** Ана туралы өлең оқу, сөз өнерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру. Санамақ айту, жаңылтпаштар арқылы сөйлеу анықтылығын жетілдіру. Айтыс өнерімен таныстыру (қысқа сұрақ-жауап түріндегі диалог).	**Көркем әдебиет** Өсімдіктер мен табиғат туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Өсімдікке қатысты жұмбақтар шешу, санамақ айту. Кітаптағы өсімдік бейнеленген иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Тыныстыдұрыс алып сөйлеу, дыбыстарды анық айту. Ө, қ, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде дұрыс қолдану. **Математика негіздері** Кеңістікте бағдарлау:	сөйлеу: *қымбат ана, мейірімді ана, сүйікті ана*. Байланыстырып сөйлеу «Анаға сыйлық» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын жүйелі түрде баяндайды. Балалар бір-біріне **неге анаға сыйлық береміз?**, **не үшін анаға алғыс айтамыз?** деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды, жауап береді. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беріледі.

	шағын сахналық көрініс ұйымдастыру **Көркем әдебиет** Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мақал-мәтелдермен танысу. Жаңылтпаш айту: *«Қонақ келсе, құт келер»*. Кітаптағы суреттерді қарап, ана мен қонақ бейнесі бойынша әңгіме құрастыру.	Кітаптағы дастархан суреттерін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Бата сөздерін мазмұнына сай интонациямен мәнерлеп айту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. **Математика негіздері** 5 көлемінде тура және кері санау. «Нешінші?», «Барлығы қанша?»	Кітаптағы иллюстрацияларды қарап, сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Шығарманы жеткізуде дауыс ырғағын, үзілісті, логикалық екпінді қолдану. Ө, ү, ұ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу **Математика негіздері** Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру. Ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау ұғымдарын	алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен бағыттарда қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу: *менің алдымда гүл, оң жағымда су құятын құты тұр*. Өлшемді салыстыру: ұзындау–қысқалау, кеңдеу–тарлау ұғымдарын қолдану.	**Көркем әдебиет** Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын, логикалық екпінді қолдану. Апта бойы үйренген мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтарды қайталау. Халық ауыз әдебиеті арқылы үлкенді сыйлау, анаға құрмет көрсету құндылықтарын бекіту. Кітаптағы ана бейнесі салынған иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру.

	Қазақ тілі Интонацияны қолданып, қонақты қарсы алу сөздерін мәнерлеп айту: *«Қош келдіңіз!», «Т өрлетіңіз!»*. Ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай сөйлемдерме н жеткізу. **Математика негіздері** Әртүрлі ыдыстардан құралған жиынды қарастыру. Заттарды	сұрақтарына жауап беру. Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес жиындарды анықтау.	сөйлеуде қолдану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айту: *менің алдымда…, оң жағымда….* .		**Қазақ тілі** Сөйлеу барысында интонацияны өз бетінше қолдану, тыңдаушының назарын аудару. Қазақ тіліне тән **ө, қ, ү, ұ, і, ғ** дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын толық, мазмұнды сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру. **Математика негіздері** Уақытты бағдарлау: *бүгін кеше ертең* ұғымдарын қолдану. Реттік сан есімдерді атау: *бірінші сыйлық, екінші*

	жұппен қойып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Нешінші?» сұрағына жауап беру (дастарханға қойылған орындар).				*сыйлық.* Заттарды жұппен салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру арқылы қорытынды санды айту.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегі үйдің берекесі екенін түсіндіру. Үйдегі гүлдерге күтім жасау туралы әңгімелеу.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана дайындайтын тағамдардың өсімдіктерден алынатынын айту. Көкөністер мен дәнді дақылдардың пайдасын түсіндіру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау: суару, жапырақ шаңын сүрту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, күтімді қажет ететінін түсіндіру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Өсімдіктер әлемі туралы түсінікті кеңейту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, оның өсуі үшін жер, топырақ, су, жарық, жылу қажет екенін тәжірибе және бақылау арқылы анықтау. Өсімдіктің даму кезеңдерімен	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегінің отбасы өміріндегі және табиғатпен байланыстағы маңызын түсіндіру. Ана баланы тәрбиелеп қана қоймай, өсімдіктерге, жануарларға қамқор болатынын айту.

	Шығармашылық дағды **Сурет салу** Ана мен қонақ бейнеленген сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** Қазақтың тұрмыстық заты тостағанды мүсіндеп, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық пішіндерден дастархан оюын жолаққа	**Шығармашылық дағды** Сурет салу дастархан басындағы отбасының сюжеттік композициясын салу. Мүсіндеу бауырсақ, табақ мүсіндеу, оюмен безендіру. Жапсыру геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен жапсыру. Құрастыру LEGO арқылы «ас үй» бұрышын ұжымдық құрастыру.	**Шығармашылық дағды** **Сурет салу** анаға көмектесу көрінісін сюжеттік композицияда бейнелеу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** қазақ тұрмысына тән еңбек құралы (күрек, шелек) мүсіндеу, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** гүлдер мен жапырақтардан композиция жасау, бірізділікті сақтау. **Құрастыру** LEGO-дан «үй маңы» немесе «аула» құрастырып, ұжымдық жұмысты талдау.	таныстыру: тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару, жапырақтарының шаңын сүрту). Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызын түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау.	Адамның табиғатқа қамқорлық танытуы ананың үлгісі екенін қорытындылау. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте ана мен баланың өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау. **Мүсіндеу** Анаға арналған сыйлықты (жүрек, гүл, тостаған) мүсіндеу.

	бірізділікпен жапсыру. **Құрастыру** LEGO арқылы ұжымдық «қонақ бөлме» құрастыру.			**Мүсіндеу** Гүл немесе өсімдік бөліктерін мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру. Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «гүлзар» немесе «бақша» құрастыру. Командамен жұмыс істеу, дайын	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау. Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «Анаға сыйлық бұрышы» немесе «Отбасы бөлмесі» құрастыру.

				құрылысты бірге талдау, нәтижеге баға беру.	
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Тіл дамыту **Жұмыс:** Сурет бойынша 3–4 сөйлем құрату. **Нәтиже:** Ойын жүйелі жеткізеді.	**Бағыты:** Дыбыстық мәдениет **Жұмыс:** «Р», «С» дыбыстарын сөз ішінде айту. **Нәтиже:** Дыбысты анық айтады.	**Бағыты:** Математика негіздері **Жұмыс:** 1–5 дейін санау, кері санау. **Нәтиже:** Сандарды ретімен атайды.	**Бағыты:** Логика **Жұмыс:** Артық затты табу, себебін айту. **Нәтиже:** Себеп-салдарды түсіндіреді.	**Бағыты:** Дыбысты қ талдау **Жұмыс:** Сөздің бірінші дыбысын анықтау. **Нәтиже:** Дыбысты ажыратады.
Серуен	«Қар ериді» **Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн шықты!» дегенде жайлап қозғалып, алаңға тарайды (еріген	«Көктемгі жел» **Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді.	«Тамшылар жарысы» **Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай).	«Мұз сынды» **Шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Белгі бойынша «мұз» шашырап жүгіреді.	«Жылғалардан өт» **Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді.

	қардай).				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Наурыз айы 2026 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.03.2026 ж	Сейсенбі 10.03.2026 ж	Сәрсенбі 11.03.2026 ж	Бейсенбі 12.03.2026ж	Жұма 13.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.				

	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		**«От қауіпті!» (Өрт қауіпсіздігі) Ойын барысы:** «Сіріңке кімге арналған?» (Үлкендерге!) «Өрт шықса, не істеу керек?» (Үлкендерге айту!) Балалар өрт сөндірушілердің рөлін ойнайды: «Өрт шықты!» дегенде балалар қолдарымен су шашып, өртті сөндіргендей әрекет жасайды. «101» нөмірін есте сақтау маңызды екенін үйренеді. **Қауіпсіздік ережелері**	Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: Розеткаға қол тигізбе! Пышақты ұстама! Дәрілерді өз бетіңше ішпе! **Қауіпсіздік ережелері** «Кімнің заттары?» Балаларға әртүрлі заттар көрсетіледі. Олардың иесін анықтау сұралады: «Бұл кімнің заттары?» «Әже не киеді?» «Әке жұмысқа не алып барады?» Балалар жауап береді және өз тәжірибелерімен бөліседі.**Әлеуметтік дағдылар**	**«Таза су, лас су» (Суды сүзу) Тәжірибе барысы:** Балаларға екі стакан суды көрсетіп, қайсысы таза, қайсысы лас екенін сұраңыз. Лас суды сүзгі арқылы өткізіп, оның тазаланғанын бақылаңыз. Қорытынды: «Лас суды ішуге болмайды! Табиғатты таза ұстауымыз керек!» **Экологиялық тәрбие**	«Қыз қуу» Балалар екі топқа бөлінеді: ұлдар және қыздар. Ойын басталғанда, қыздар алға жүгіріп кетеді.Белгілі бір қашықтықтан кейін (тәрбиеші белгілеген сызықтан) ұлдар қыздарды қуып жетуі керекЕгер ұл бала қызды қуып жетсе, қызға жеңіл қол тигізіп "қуып жеттім!" деп айтуы керек.Егер қыз мәреге бірінші жетсе, ол "жеңімпаз" атанады.**Дене тәрбиесі, бір тұтас тәрбие**

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Допты нысанаға дәлдеу** Балаларды	**Қазақ тілі** Көктем» тақырыбы	**Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Табан жаттығулары** Балалардың сапқа тұру дағдысын бекіту. Жалпақ табандылықтың	**Музыка Музыка тыңдау** Домбырамен орындалған ән тыңдалады. Иллюстрациялар ретімен көрсетіледі	**Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Бағытты бағдарлау** Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Сапта

	сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйретуді жалғастыру. Допты нысанаға лақтыру арқылы дәлдік пен қол бұлшықеттерін дамыту. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Педагог балалардың спорттық киімдерінің ыңғайлылығы	**Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Көктемді сипатта» «Көктемде күн жылынады, қар ериді, құстар ұшып келеді.» Балалар жауапты әсерлі, дауыс ырғағын өзгертіп айтуға тырысады. Ойын 2: «Көктемді әртүрлі айт» Балалар «Көктем келді!» сөйлемін: қуанышты, таңдана, баяу, көтеріңкі көңілмен айтады. Тәрбиеші дауыс қарқыны мен мәнеріне назар аударады.	алдын алу, табан бұлшықеттерін шынықтыру. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Сапқа тұру. Сәлемдесу. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)** 1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. Қолды айналдыру. 3. Қол белде	(оқиға желісі). Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін суреттерді ретімен қояды. Ойын: «Суретті ретте» Музыкаға сай 3–4 суретті дұрыс ретке келтіру (есте сақтау, мазмұнды түсіну). **Ән айту** Ән сүйемелдеумен айтылады, содан кейін шағын бөлігін сүйемелдеусіз айту. Мәнерлеп айту: көңілді жерін көтеріңкі, тыныш жерін жұмсақ айту. Жол соңын созып айтуға көңіл бөлу. Ойын: «Дауыс бояуы» Белгі бойынша: «жай» жұмсақ айту, «қатты» сәл көтеріңкі	дұрыс бұрылуды бекіту. **I. Кіріспе бөлім** Сапқа тұру. Жай жүріс, жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар** 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. Орнында айналу.

	н тексереді. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру (бағыт ауыстырып) Тыныс алу жаттығуы: Қол жоғары дем алу, қол төмен дем шығару (3–4 рет). **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)** Қолды алға созып, саусақтарды ашу-жұму (6–8 рет).	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Ө дыбысын анық айт» Ө дыбысы бар сөздерді айтады: Өзен, көгершін, көктем, көбелек. «Көктемде өзен тасиды.» Ө дыбысын созып айту жаттығуы жасалады. Ойын 2: «Қ дыбысы қайда?» «Қар не істеді?» «Қар еріді.» «Құстар келді.» Қ дыбысын анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттығады. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем	бұрылу. 4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. **III. Негізгі қимыл** Шеңберге тұру. Орнында айналу. Бағыт бойынша жүру. **IV. Қимылды ойын: «Жалаң аяқ жолмен жүру»** Табан бұлшықеттерін дамыту, шынықтыру. **Ойын шарты:** Балалар арнайы массаж жолақтарымен немесе тегіс емес бетпен жалаң аяқ жүреді. **Ережесі:** Жүгірмеу	айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Ән мазмұны бойынша сахналау: бір топ «ән айтушылар», бір топ «кейіпкерлер». Эпизод ауысқанда кейіпкерлер қимылы өзгереді. Ойын: «Эпизод ауысты» 1-эпизод жүру, 2-эпизод қол бұлғау, 3-эпизод шеңберге жиналу. **Аспапта ойнау** Металлофонда (бір пластина) әннің соқпақ ырғағын соғу. Домбыра үні қосылғанда ырғақ беру, тыныш жерде тоқтау. Ойын: «Қосыл тоқта» Қайырмада ғана	**IV. Қимылды ойын: «Бағытты тап»** Зейін мен кеңістікті бағдарлауды дамыту. **Ойын шарты:** Педагог «оңға», «солға», «алға», «артқа» деп бағыт береді. Балалар сол бағытта қозғалады. **Ережесі:** Белгіні мұқият тыңдау Қателеспеу Итермеу **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен шеңбер бойымен жүру. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары.

	Қол білектерін айналдыру. Қолды екі жаққа созып айналдыру. Қол белде оңға, солға бұрылу. Тізені бүгіп, кезек аяқ көтеру. Педагог дұрыс қалыпқа назар аударады. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге тұру. Белгі бойынша	алып, сөйлемді бір тыныспен айту. **Сөздік қор** Ойын 1: «Көктемді мәнерлеп айт» Балалар көктем туралы 4–5 сөйлем құрайды және мәнерлеп айтады: «Көктем келді. Күн жылынды. Қар еріді. Жасыл шөп өсті.» Логикалық екпін, үзіліс жасауға көңіл бөлінеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Қар еріді.» Жайылма сөйлем:	Бірінің артынан бірі жүру Итермеу **Қауіпсіздік:** Жолақ тайғақ болмауы тиіс. **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен баяу марш. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Ауыз шаю ережесін еске салу.	аспаппен қосылады, куплетте тоқтайды. **Би** Қазақ биінің қарапайым элементтері қайталанады: қадам + қол өрнегі + бұрылу. Ойын: «Би пазлы» Қимылды бөліктерге бөліп үйрену: 1) қадам 2) қол 3) бұрылу — соңында біріктіру.	Сабақты қорытындылау.

	оңға, солға бұрылу. Қауіпсіздік ережесі: Допты тек белгі бойынша лақтыру Бір-бірінің алдына шықпау **IV. Қимылды ойын: «Допты дәлде»**Дәлдікке, нысананы көздеп лақтыруға үйрету. **Ойын шарты:** Белгіленген сызықтан балалар допты	«Көктемде күн жылып, қар тез еріді.» Балалар сөйлемді өздері толықтырып айтады. Ойын 2: «Қандай? Не істеді?» әдемі гүл өсті жылы күн шықты жасыл шөп жайқалды Сөз тіркестерімен жайылма сөйлем құрастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Неге? Не үшін?» Неге көктемде қар ериді? Не үшін құстар жылы жақтан оралады? Балалар себеп-салдар			

	себетке немесе құрсауға лақтырады. Әр балаға 2–3 мүмкіндік беріледі. **Ережесі:** Белгі сызығынан аспау Кезекпен лақтыру Допты бір-біріне лақтырмау **Педагог әрекеті:** Балалардың дұрыс тұрып лақтыруына көңіл бөледі. **V. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут)**	байланысын толық сөйлеммен түсіндіреді **Музыка** **Музыка тыңдау** Бір ән алдымен домбырамен, кейін басқа аспаппен (фортепиано/ауди о) орындалады. Балалар соңына дейін тыңдайды, айырмашылығын байқайды: дыбыс жұмсақ па, анық па. Есте сақтау үшін домбырадағы нұсқасы қайта тыңдатылады. Ойын: «Қай нұсқа?» Балаларға екі белгі: «Домбыра» / «Басқа аспап». Қайта дыбыс			

	Музыкамен: Қолды жоғары-төмен қозғау Аяқпен ырғақ жасау Жеңіл айналу **VI. Қорытынды бөлім (3 минут)** Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау. Белсенді балаларды мадақтау	тыңдап, дұрыс белгіні көтереді. **Ән айту** Ән сүйемелдеумен айтылады, кейін қайырмасы сүйемелдеусіз айтылып көріледі. Әнді созып, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды ашу, соңында қолды кеудеге қою. Ойын: «Әуенді жалғастыр» Әннің бастапқы бөлігі айтылып, соңғы сөз тіркесін балалар бірге аяқтайды. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыка көңілді,			

		ойнақы екенін қимылмен көрсету: жеңіл секіру қадамы, қол бұлғау, бұрылу. Ойын: «Музыка өзгерсе қимыл өзгер» Баяу бөлік жай жүру, жылдам бөлік шапшаң қадам, тоқтау қатып қалу. **Аспапта ойнау** Балалар домбырасы: 1–2 бала кезекпен шегін қағып көреді. Қалғандары таныс әуеннің ырғағын соқпалы аспаппен береді. Ойын: «Кім бастайды?» Ырғақты бір бала			

		бастап береді, қалғандары қосылып қайталайды. **Би** Шеңбер бойымен ән айтып жүру, бағытты ауыстыру, қимылды тез өзгерту. Ойын: «Бағыт ауыстыр» Белгі естілсе шеңбер бағытын ауыстырады (ептілік).			
		Апталық дәйек сөз: *«Көктем табиғаттың жаңаруы»* «Көктем белгілері» **Коммуникативті**	Көктемгі табиғат **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Ойын: «Қандай?» Балалар тәрбиеші айтқан затқа лайық сын есімді таңдап айтады: шөп	Көктемгі еңбек **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Ойын: «Кім не істеді?» Балалар көктемгі еңбек түрлерін атап, «егеді», «суарады»,	Көктемдегі құстар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелейді, «құстар келді», «ұя

		к дағды Тіл дамыту Ойын: «Көктем сөздері» Балалар көктем туралы әңгімеге қатысады. Тәрбиеші «көктем келді», «күн жылынды», «қар еріді» сөз тіркестерін айтады, балалар сол сөздерді анық, дұрыс дикциямен қайталап, қай сөз көктемге қатысты екенін айтады. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Көктем келді» Балалар рөлдерге бөлініп (күн, гүл, жел), шағын сахналық көрініс арқылы көктемнің	жасыл, күн жылы. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Бір сурет бір әңгіме» Балалар көктемгі табиғат суретіне қарап, бір-бір сөйлем қосып, ортақ әңгіме құрастырады. **Көркем әдебиет** Ойын: «Жұмбағын тап» Балалар жұмбақтың шешуін тауып, неге солай ойлағанын айтып береді. **Қазақ тілі** Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Тәрбиеші сөйлемді бастап береді, балалар жалғастырып айтады. **Математика**	«қопсытады» сөздерін қолданып сөйлем құрайды. Тәрбиеші әрекетті көрсетіп, балалар оның атауын айтып береді. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Бақшадағы бір күн» Балалар көктемгі бақшадағы еңбекті ретімен айтып, таңертең не істелетінін, кейін не болатынын әңгімелейді. **Көркем әдебиет** Ойын: «Не туралы?» Балалар еңбек туралы шағын әңгімені тыңдап, кейіпкерлердің не істегенін айтып береді. **Қазақ тілі** Ойын: «Сөзден	салды», «ұшты» сөз тіркестерін анық, дұрыс айтады. Ойын: «Дұрыс айт» Тәрбиеші сөз тіркесін айтады, балалар оны анық дикциямен қайталайды, қате айтылса түзетеді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Құстар келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын көрініс құрайды. Ойын: «Бір сөйлем бір ой» Әр бала құстар туралы бір сөйлем айтып, әңгіме бірізді жалғасады. **Көркем әдебиет** Балалар құстар туралы өлең тыңдайды,

		келгенін қысқа сөйлемдермен баяндайды. **Көркем әдебиет** Ойын: «Сурет сөйлейді» Балалар көктем туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады, кітаптағы суреттерді қарап, әр бала сурет бойынша бір сөйлем айтады. **Қазақ тілі** Ойын: «Қалай айтамыз?» Балалар «Көктем келді», «Күн жылынды» сөйлемдерін әртүрлі интонациямен айтып көреді, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстары бар	**негіздері** Ойын: «Гүлдерді ретте» Балалар гүлдерді санап, ретімен орналастырып, нешінші тұрғанын айтады.	сөйлем» Балаларға бірнеше сөз беріледі, сол сөздерден жай немесе жайылма сөйлем құрастырады. **Математика негіздері** Ойын: «Өсіп тұр» Балалар еңбек құралдарын немесе өсімдіктерді кішіден үлкенге қарай орналастырып, ретімен санайды.	жаңылтпаш айтады. Ойын: «Кім тез айтады?» Балалар жаңылтпашты анық, тоқтамай айтуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді интонациямен айтады, ө, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттығады. Ойын: «Дыбысты естіп айт» Тәрбиеші дыбысы бар сөз айтады, балалар сол дыбысты бөліп айтады. **Математика негіздері** Балалар құстар бейнеленген жиынды қарайды,

		сөздерді анық айтуға жаттығады.			жұппен салыстырады, реттік санды атайды. Ойын: «Қайсысы нешінші?» Балалар құстарды ретімен қойып, нешінші тұрғанын айтады.
Серуен	**Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап		**Математика негіздері** Ойын: «Жұбын тап» Балалар көктемге байланысты суреттерді жұппен орналастырып,	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ойын: «Не керек?» Балалар өсімдікке не қажет екенін атап шығады. **Шығармашылық**	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар өсімдікке не қажет екенін айтады. Ойын: «Өсімдікке не керек?» Балалар су, жарық, жылуды атап	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар құстардың тірі табиғат иесі екенін, оларға қамқорлық қажет екенін түсінеді.

қарау және басқалары)		олардың тең немесе тең емес екенін анықтайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ойын: «Не өзгерді?» Балалар суреттерді салыстырып, көктемде табиғатта қандай өзгеріс болғанын айтып береді. **Шығармашылық дағды** Ойын: «Көктемгі шеберхана» Балалар сурет салып күн мен бұлтты бейнелейді, мүсіндеуде қарапайым пішіндерден гүл немесе күн	**дағды** Ойын: «Гүлзар жасайық» Балалар гүл суретін салады, мүсіндейді, жапсырады және LEGO арқылы гүлзар құрастырады.	көрсетеді. **Шығармашылық дағды** Балалар гүлді бейнелейді, оюмен безендіреді. Ойын: «Гүлзар» Балалар сурет салып, мүсіндеп, жапсырып, гүлзар композициясын жасайды.	Ойын: «Құстарға көмектес» Балалар құстарға не қажет екенін айтып шығады (су, тыныштық, ұя). **Шығармашылық дағды** Балалар сурет салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады. Ойын: «Құс ұясы» Балалар түрлі материалдарды пайдаланып құс және ұя жасап, ортақ композиция құрады.

		жасайды, жапсыруда қағаздан күн сәулелерін орналастырады, құрастыруда LEGO арқылы көктемгі алаң жасайды.			
Балалармен жеке жұмыс		**Бағыты:** Қоршаған ортамен танысу **Жұмыс:** Жыл мезгілдерін атау. **Нәтиже:** 4 мезгілді ажыратады.	**Бағыты:** Ұсақ моторика **Жұмыс:** Қиып-жапсыру жұмысы. **Нәтиже:** Қайшыммен дұрыс жұмыс істейді.	**Бағыты:** Сөйлеу мәдениеті **Жұмыс:** Сыпайы диалог құру. **Нәтиже:** 2–3 сөйлеммен жауап береді.	**Бағыты:** Есте сақтау **Жұмыс:** 4 сөзді есте сақтап қайталау. **Нәтиже:** Есте сақтау қабілеті дамиды.
Серуен		«Бұлт пен күн» **Шарты:** «Күн» дегенде еркін ойнайды, «Бұлт» дегенде бір жерге жиналады.	«Құстар оралды» **Шарты:** Балалар құс болып ұшады (жүгіреді). «Ұяға!» дегенде шеңберге кіреді.	«Лайдан сақтан» **Шарты:** Шеңберлер (көлшік) қойылады. Балалар секіріп өтіп, ішіне түспеуі керек.	«Кім жылдам?» **Шарты:** Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, кері қайту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				

	Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**

Наурыз айы 2026 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.03.2026 ж	Сейсенбі 17.03.2026 ж	Сәрсенбі 18.03.2026 ж	Бейсенбі 19.03.2026ж	Жұма 20.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Сиқырлы су» **Шарты:** Балалар суға түрлі заттарды салып, бата ма, қалқып жүре ме бақылап көреді. **эксперимент алдық, танымдық, коммуникат ивтік әрекет**	«Көңілді қимылдар» **Шарты:** Музыка әуенімен жүгіру, секіру, түрлі қимылдарды қайталау. **қимылды ойын**	«Құрылысшылар» **Шарты:** Балалар құрылыс бөлшектерінен үй, көпір құрастырады. Бір-бірімен ақылдасып жұмыс жасайды. **танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, дербес әрекет**	«Дәмді ас» **Шарты:** Балалар аспаз рөлінде ас дайындауды ойнайды (араластыру, ыдысқа салу). ойын, **шығармашылық, коммуникативтік, еңбек әрекеті**	«Түстерді тап» **Шарты:** Тәрбиеші айтқан түсті тауып, сол түсті затты көрсетеді. **танымдық, коммуникативтік, ойын.**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын				

	жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Жылдамдықты дамыту** Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйретуді жалғастыру. Жүгіру арқылы жылдамдық пенептілікті дамыту. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Балаларды сапқа тұрғызу.	**Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Қонақты қарсы ал» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші «қонақ келді» деп хабарлайды. Бір бала қонақты толық аты-жөнімен шақырады: «Айдос Ержанұлы, төрге шығыңыз!» Балалар сәлемдесу сөздерін әртүрлі интонациямен айтады: салтанатты, қуанышты, құрметпен. дауыс мәнерін өз	**Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Дәлдікке арналған ойын** Допты нысанаға дәл тигізу арқылы көз мөлшерін, қол бұлшықеттерін дамыту. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Сапқа тұру. Жай жүріс, аяқ ұшымен жүру, өкшемен жүру. Жеңіл жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)**	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырамен орындалған ән тыңдатылады. Иллюстрация арқылы мазмұны ашылады. Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін әннің көңіл күйін айтады. Ойын: «Көңіл күйді таңда» Көңілді/тыныш/ойнақы смайликтерден біреуін таңдайды. **Ән айту** Ән сүйемелдеумен, кейін сүйемелдеусіз қайырмасы айтылады. Мәнерлеп айтуға баулу: сөйлем соңын созу	**Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Шапшаңдықты дамыту** Жүгіру арқылы шапшаңдық пен төзімділікті дамыту. **I. Кіріспе бөлім** Сапқа тұру. Жай жүріс. Бағыт ауыстырып жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар** 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру.

	Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Бағыт ауыстырып жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы (3–4 рет). **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)** Қолды алға созып, саусақтарды ашу-жұму (6–8 рет). Қол	бетінше қолданып, тыңдаушы назарын аудару. Ойын 2: «Дәстүрді таныстыр» Бала белгілі бір дәстүрді (Наурыз, тұсаукесер, бата) әсерлі дауыс ырғағымен таныстырады: «Наурыз ұлы мереке!» Интонация арқылы мазмұнды жеткізуге үйренеді. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Ұ дыбысын анық айт» Сөздер: ұлыс, ұлттық, ұрпақ, ұлағат.	Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. Қолды айналдыру. Қол белде бұрылу. Алға еңкею. Тізені бүгіп, аяқ көтеру. **III. Негізгі қимыл** Шеңберге тұру. Орнында айналу. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. **IV. Қимылды ойын: «Құрсауға дәл түс»** **Мақсаты:** Дәлдік пенептілікті дамыту. **Ойын шарты:** Белгіленген жерден балалар допты құрсаудың ішіне лақтырады. **Ережесі:**	фразаны бір тыныспен айту қимылмен үйлестіру (ре–си диапазонында дыбысты дұрыс алып айту) Ойын: «Әнді қимылмен айт» Ән айта отырып 2 қимылды міндетті орындау: қолды ашу + бұрылу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әнді сахналау, эпизодтар арасында ауысу: «жүру тоқтау қол бұлғау айналу». Ойын: «Эпизод картасы» Карта көрсетіледі (жүру/айналу/қол бұлғау) балалар сол қимылды орындайды. **Аспапта ойнау** Металлофонда бір	3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Орнында секіру. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Белгі бойынша бұрылу. **IV. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»** **Мақсаты:** Шапшаңдық пен төзімділікті дамыту. **Ойын шарты:** Белгі бойынша балалар белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады.

	білектерін айналдыру. Қолды екі жаққа созып айналдыру. Қол белде оңға, солға бұрылу. Орнында жеңіл секіру. Педагог дене қалпына назар аударады. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге тұру. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу.	Балалар дыбысты жеке, кейін сөз ішінде анық айтады. Сөйлем құрайды: «Наурыз ұлыс мерекесі.» Ойын 2: «Ғ және Қ дыбыстары» Сөздер: ғұрып, қонақ, құрмет, ырыс, ілтипат. Тәрбиеші сұрайды: «Қонақ не істеді?» Балалар: «Қонақ келді.» «Қонаққа құрмет көрсетті.» Дыбыстарды анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттықтыру.	Белгіден аспау Кезек сақтау Допты жоғары емес, алға қарай лақтыру **Қауіпсіздік:** Бір-бірінің алдында тұрмау. **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен марш, қол шапалақтау. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.	пластинада «ұзақ-қысқа» соғу (ұзақ дыбысқа бір соққы, қысқаға екі соққы). Домбыра үні қосылғанда балалар ырғақпен сүйемелдейді. Ойын: «Ұзақ па, қысқа ма?» Музыка ұзақ дыбыс берсе 1 рет, қысқа болса 2 рет соғу. **Би** Қазақ би қимылдарын қайталау және біріктіру: қадам + қол өрнегі + иық қимылы. Ойын: «Би тізбегі» Қимылдарды тізбекпен орындау: 1) қадам 2) қол 3) иық — соңында толық би.	**Ережесі:** Белгіге дейін ғана жүгіру Кезек сақтау Бір-бірін итермеу **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен жеңіл жүру. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Мадақтау.

	Қауіпсіздік: Жүгіру кезінде бір-біріне соқтығыспау Белгіден аспау **IV. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»** **Мақсаты:** Жылдамдық пен зейінді дамыту. **Ойын шарты:** Педагог допты алға қарай домалатады. Белгі бойынша балалар допты қуып	**Сөздік қор** Ойын 1: «Батаны мәнерле» Қысқа бата сөзін кідіріс жасап, логикалық екпінмен айту: «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!» Мәнерлеп сөйлеуге баулу. Ойын 2: «Сөзді толықтыр» «Наурызда адамдар бір-біріне …» Балалар жалғастырады: «құттықтау айтады.» «бата береді.» Жаңа сөздерді белсенді қолдану.			

	жетіп, ұстап әкеледі. **Ережесі:** Белгі бойынша ғана жүгіру Бір-бірін итермеу Допты дұрыс ұстау **Педагог әрекеті:** Жүгіру техникасын бақылау. **V. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут)** Музыкамен жеңіл жүру, қолды жоғары-төмен қозғау. **VI.**	**Тілдің грамматикалық құрылымы** Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Наурыз мереке.» Жайылма сөйлем: «Наурыз көктемде тойланатын ұлттық мереке.» Ойын 2: «Қандай? Не істеді?» үлкен мереке өтті әже бата берді балалар ән айтты **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Неге маңызды?» Неге Наурызды ұлы мереке дейді? Не үшін адамдар бата береді? Балалар себеп-салдар			

